Көптілділік – жеке адам немесе адам - топ қатынасында бірнеше тілдің кезек қолданылуы. Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм - нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидумның) Көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілдігі болып бөлінеді. Көптілдіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс – тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Көптілді білу - өмір талабы. Дүние жүзі халықтарының өзара түсінісу тілі - ағылшын тілі. Бала жас кезінде тілді қиналмай еркін меңгереді. «Ұстазы пейілді болса, шәкірті зейінді болады», - деген ниетпен көптілді білуге ұмтылу – жас ұрпаққа жүктелген абыройлы міндет.

Елбасының жолдауында айтылғандай, шәкірттеріміз әлемдік білім кеңістігіне ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. Осы мәселе бойынша 12 жылдық білім беру үлгісі эксперимент сынақтан өту үстінде.

Көптілді білім берудің проблемасы туралы зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиеттер мен мәліметтерге сүйенсек, әр мемлекеттің көп тілді білім беру жүйесінде өзіне тән бір ерекшелігі бар екені мәлім болды. Бірақ барлық жағдайларда ең маңыздысы-адам факторы, яғни көптілді білім беру барысында жеке адамның ұлтына, мәдениетіне, т.б. құндылықтарына мән берілуде. Мысалы, Орта Азия елдеріндегі көп тілді білім беру мәселесімен айналысатын CIMERA халықаралық ұйымының зерттеулеріне назар аударсақ бұл өңірлерде әсіресе, екі тілдік басым, яғни кезінде Кеңес Үкіметі орныққан бұл елдерде орыс тілінің ықпалы басым, тіпті кейбір жағдайларда аталған елдерде орыс тілінің үстемдігін байқап тұрамыз.

Егер Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін алып қарайтын болсақ, осы уақытқа дейін жоғары оқу орындарында үш тіл оқытылып келді, мысалы: орыс тілі, қазақ тілі және бір шет тілі (ағылшын, неміс, француз және араб). Егер де білім алушы осы үш тілді жетік меңгеріп шықса және осы тілдерде еркін сөйлеу мүмкіндігіне ие болса, онда сол білім алушы көп тілді білуші болып саналады.

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерде білім беру мазмұны мен құрылымының халықаралық стандарт дең-

гейіне жету үшін өзге елдердегі тілдерді оқытудағы жетістіктерін талдау қажет етіледі. Көптілді білім берудің моделі тұжырымдамасын құрастырып, жалпы орта білім берудің мазмұнында қолдану қажеттілігі туындады.

Елбасы 2006 жылғы халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасын ұсынған болатын. «Тілдердің үш тұғырлығы дегеніміз ол - мемлекеттік тіл - қазақ тілі, Республикалық www.orleu.kz порталы 19 ұлтаралық тіл - орыс тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп анық та айқын атап көрсеткен. Еліміздің тізгінін ұстар бүгінгі жастарымыз әлемнің кез-келген жерінде кез-келген қызметіне жарайтындай бәсекеге қабілетті маман болуы үшін шет тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал 2011 жылғы 28 қаңтардағы Жолдауында былай деп атап өтті: «Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу - әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп ойлаймын».

Қазақстан өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет. Оның ішкі және сыртқы саяси ағымына сай мамандандырылған іс жүргізетін мемлекеттік құрылымы қалыптасқан. Бұл келешекте де дами бермек. Білім дамыту институты мектеп мұғалімдерінің шет тілін оқыту барысы деңгейіне өз отанымыздың мәртебесін көтеру тұрғысынан қарайды. Шет тілін білу - қазіргі заманның ешкім шек қоя алмайтын талабына айналып отыр. Бір немесе бірнеше шет тілін еркін меңгерген бала кейін келе өмірдің кез-келген саласынан өз орнын табары сөзсіз.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері Мемлекет басшысы білікті мамандар дайындау ісіне ерекше көңіл бөліп келеді. Кең байтақ елімізді дамыту, оның қойнауындағы жатқан ен байлықты тиімді игеру, дамыған елдердің озық технологияларын меңгеру жолында білікті мамандар ешқашан көптік етпейді. Ал шет елдердің даму тарихын, ондағы ғылым мен білімдегі жаңалықтарды үйренуге, озық инновациялық технологияларды меңгеруде шет тілін білу отанымыздың әлемдік көштен қалмауға өз септігін тигізеріне ешкім дау айта алмас. Осының айқын дәлелі – Елбасының бастамасымен өмірге келген «Болашақ» бағдарламасы.

Осы бағдарлама бойынша әлемнің озық мемлекеттерінде білім алған жастарымыз қазіргі таңда еліміздің түрлі саласында табысты қызмет атқарып, жарқын болашағына өз үлестерін қосуда.

Елбасы жолдауында аталғандай қоғамды сапаландыру бағытында білімнің басым бағыттарының бірі - әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениет-

аралық түсінікпен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру болмақ.

Ұлы Абайдың XIX ғасырдың өзінде-ақ: «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», - деп, өзгенің тілін үйренуді өсиет еткені белгілі.

Қазақ бабаларымыздың сол кездердің өзінде болашақ үшін қам жеп, ұрпақтарына «Жеті жұрттың тілін білген, жеті жұрттың қамын жер» - деген қанатты сөзді бекер айтпаған болар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XXIII сессиясында сөйлеген сөзінде «ағылшын тілін кеңінен білмейінше ұлттың шынайы бәсекеге қабілеттілігі туралы айту қиын болады. Мен бұл жерде еліміздің барлық азаматтары туралы айтып тұрмын. Тіпті төрт мың жылдық ұлттық тарихы мен мәдениеті бар бір жарым миллиардтық қытайдың өзі ағылшын тілін белсенді түрде меңгеруде. Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия сияқты елдердің табысқа жетудегі маңызды факторларының бірі халықтың жаппай ағылшын тілін білуінде.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептері мен жоғары оқу орындарында ағылшын тілін терең әрі қарқынды түрде оқытудың арнайы бағдарламасын жасаудың уақыты келді деп ойлаймын. Бұл бағдарламаға Ұлыбритания мен АҚШ-тың білім беретін ірі құрылымдарын тарту жөнінде ойлану қажет.

Мен барлық ата-аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырамын. Бұл олардың болашағы үшін маңызды», - деген болатын.

Қазақстандағы көптілді білім беру моделі төмендегі мәселелерді қамтиды.

1. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту. Оқушылардың ұлттық дамуын сақтау.

2. Шетел тілдерін оқытуда Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мазмұнымен, құрылымымен санасу.

3. Көптілді білім берудің оқу жоспарын жасау. Тілді тереңдете оқытатын мектептер ашу, жалпы әдістемесін жасау.

4. Көптілді білім беруде материалдық, техникалық, оқу-әдістемелік жұмыстарды инновациялық үрдіске сай ұйымдастыру.

5. Кадрларды оқыту, шетелдік волонтер кадрлардың көмегін алу.

Қазіргі заманға сәйкес көптілді білім беруде 1992 жылдан бері Қазақстанда жұмыс істеп келе жатқан қазақ-түрік лицейлері бар. Қазақ-түрік лицейін құрудың мақсаты – көпмәдениеттілік (ұлттық, білімділік, коммуникативтік) тұрғысында жұмыс атқару.

Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер саясатына араласа алатын, ана тілі, шетел тілін меңгерген азаматтар даярлау.

Оқу үрдісінде 4 тіл қатар қолданылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 30-ға жуық қазақ-түрік лицейлері жұмыс істейді. Олардың өзіндік ерекшеліктері мынада:

лицейге оқушыны арнайы емтиханмен қабылдайды;

6-шы сыныптан қабылдайды;

интернат жағдайында тұруы;

оқушының логикалық танымдық қабілетінің жоғарлылығы;

жеке пәндерді оқуға қызығушылығы, мотиві;

ұжымда тіл табыса алушылығы;

білім беруде инновациялық үрдісті қолдану;

оқытушылардың конкурстық негізде іріктелуі;

оқушы білімін бағалаудағы ерекше технологиялардың қолданылуы;

ұлдар, қыздар лицейі болып бөлінуі.

Қазақ тілі – қазақ мектебі оқушыларына қазақ тілін тереңдетіп үйрену үшін оқытылады. Орыс тілі - қазақ мектебінде орыс тілін үйрену деңгейінде оқытылады. Ағылшын тілін тереңдете оқыту 7-ші сыныптан жаратылыстану мен математика пәні циклын белгілі дәрежеде игеру құралы ретінде оқытылады. 8- сыныптан бастап ағылшын тілі халықаралық стандарт деңгейінде оқытылады. Қазіргі заманға сәйкес көптілді білім беруде және инновациялық үрдісті тиімді қолдануда қазақ-түрік лицейі білімінің нәтижесі жақсы екенін жасырмау керек Шетел тілдерін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың рөлі ерекше. Бұл білім беру үрдісінде ақпараттық құзіретілікті қалыптастыруға көп септігін тигізеді.

Ақпараттық құзіреттілік – көпшілік ақпарат құралдары көмегімен қажетті ақпаратты іздеу,талдау және таңдап алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және тарату. Бұл құзіреттілік оқушылардың оқу пәндері және білім аймақтары шеңберінде, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр; білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды.атап айтқанда:

- білім мазмұны жаңа біліктермен,ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

- ақпараттық дәстүрлі әдістер-ауызша және жазбаша,телефон не-

месе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде,

- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан-дүниесінің рухани баюына, азамат тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы, оның ішінде ақпараттық (компьютерлік) оқыту мұғалімдердің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қазақстан Республикасында қабылданған білімді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары еліміздің біртұтас дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мүмкіндіктерімен байланысты, білім беру сапасын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етудің жаңа сатылық жүйесін жасауға бағытталған. Бағдарламаның жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді. Компьютерлік технологияның даму деңгейі жаңа дәуірдің мультимедиялық, телекоммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, сапалы, нақты алғы шарттар болып табылады.

Мектеп оқушыларына ағылшын тілін меңгерудің деңгейін: сөйлеу, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдениеттілік, компенсаторлық, оқу-танымдық біліктіліктердің қалыптасу дәрежесінен айқын аңғаруымызға болады. Мұндай қажеттілік ағылшын тілі мұғалімдерінен кәсіби қызметін қайта қарастырып, жүйелі ойластыруды талап етеді. Ол үшін ағылшын тілін үйретудің халықаралық іс-тәжірибеде қолданыс тапқан модельдерін енгізу кәсіби шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс.

Модельдерді енгізудің маңыздылығы мынада:

- бүгінгі қазақ қоғамында шетел тілін үйренуге деген сұраныстың артуы,

- оқушыларды отандық және әлемдік ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі проблемаларды шешу қажеттілігі;

- өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;

- оқушылардың коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының сапалы деңгейіне қол жеткізу.

Осыған сәйкес, ХХІ ғасырдың үш тілді жетік меңгерген жеке тұлғасын тәрбиелеуде ағылшын тілі пәні мұғалімі ретінде мен алдыма мынадай мақсаттар қойдым. Оқу үрдісінде: оқушыларға жан-жақты сапалы білім бере отырып, үш тілділікке үйрету, кәсіби шеберлікті дамыту.

Оқу-әдістемелік бағытта: Ағылшын тілін оқыту әдістемесін отандық және шетелдік теориялармен іс-тәжірибелік тұрғыдан салыстыру, білім берудің озық, жаңа технологияларын білу, тиімді түрлерін ұтымды пайдалану, педагогикалық және ақпараттық жаңалықтардан хабардар болу, электрондық оқулықтарды пайдалану.

Тәрбиелік бағытта: ұлттық патриотизмге, өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі тануға, білім нарығында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

Елбасының жолдауында атап өтілген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында біздің мектебіміздің ағылшын тілі мұғалімдері шетел (ағылшын) тіліне оқытудың негізгі: ана тіліне сүйену;

оқытудың коммуникативтік қағидалары;

оқытудың лингво-елтану қағидалары;

оқу материалын минимумға келтіру қағидалары;

грамматикалық оқу материалын игеруде уақыттың бірізділігін есепке алу қағидаларын басшылыққа ала отырып, шығармашылықпен еңбек етуде. Біздің мектебімізде ағылшын тілі шағын орталықтан және даярлық сыныптарынан бастап оқытылуда. Мектебімізде оқушылардың пәнге қызығушылығын және танымдық белсенділіктерін арттыру мақсатында пән апталықтары, олимпиадалар, сыныптан тыс шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Мектеп оқушылары мен пән мұғалімдері қалалық А.С. Пушкин атындағы кітапханада орналасқан «Америкалық орталықпен» тығыз қарым-қатынаста. Оқушыларымыздың пәнге қызығушылықтары өте жоғары. 5-11 сынып оқушыларының 30% жуығы қаламыздағы «Тілдік» курстарға («Best», «Oxford Team» тағы басқалар) қатысып, өз білімдерін шындап, тереңдетіп отырады. Сонымен қоса қала көлемінде жыл сайын жоғары оқу орындарының (ШҚМУ, ҚАЕУ) ұйымдастыруымен өтетін пәндік олимпиадаларға, сайыстарға («Полиглот, Тіл білгірлері») жобаларға қатысып жүлделі орындарға, сертификаттарға ие болуда.

Сонымен қоса пән мұғалімдері қалалық семинарларда («Ағылшын сабақтарында АКТ-ны қолдану, ҰБТ –ға даярлық») ашық сабақтар беріп, өз іс-тәжірибелерімен бөліседі.

Ағылшын тілі бірлестігі мұғалімдері облыс, қала көлемінде өтетін шараларға белсене қатысушылар, бірлестік мүшелері қалалық «Оқырмандар театры» сайысына қатысып «Best lyrics» атағын жеңіп алса, 2 мұғалім қалалық ғылыми-сарамандық конференцияларда баяндама жасап, мадақтамалармен марапатталды.

Қорыта келгенде, біздің бірлестіктің мұғалімдері «үштілділікті» жүзеге асыру мақсатында жоспарлы түрде жұмыстар атқаруда.

Әдебиеттер

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.
2. Садуақасова М.Қ. ҚҒӘК-нің әдіскері. «Көптілді білім беру - басты бағытымыз». Ғаламтор материалы
3. «Үш тілде оқыту - заман қажеттілігі» // Қазақстан мектебі. №8-2011
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2006 жылғы 1 наурыз
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 9 бап
7. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы 2007 жыл, 11 қаңтар № 217- 3.

К ВОПРОСУ О БИЛИНГВИЗМЕ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОБЛЕМЫ

Левина Т.В., Мошенская Н.А.

Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан

В период тотальной глобализации экономики, политики и культуры языковой обмен приобретает все большую значимость. Потребность в изучении нескольких языков в современном обществе постоянно растет. В мире число людей, знающих как минимум один иностранный язык в совершенстве, непрерывно растет. Что же мы понимаем под билингвизмом? Термин билингвизм используется для обозначения одновременного владения двумя языками на уровне, достаточном для жизнедеятельности в среде носителей и обучения на нем. Но содержание термина *билингвизм* далеко не однозначно. Необходимо отметить, что в научной литературе существует множество определений двуязычия:

1) Щерба Л.В. в своей книге «Языковая система и речевая деятельность» так классифицирует билингвизм: «Под двуязычием подразумевается способность тех или иных групп населения объясняться на двух языках. Так как язык является функцией социальных группировок, то быть двуязычным значит принадлежать одновременно к двум таким различным группировкам»;

2) Миньяр-Белоручев Р.К. говорит о билингвизме как о знании

двух языков;

3) Вайнрайх У. называет двуязычием практику попеременного использования двух языков;

4) Розенцвейг В.Ю. определяет билингвизм как «владение двумя языками и регулярное переключение с одного на другой в зависимости от ситуации общения»;

5) Бондалетов В.Д. дает такое обозначение: «Билингвизм – это двуязычие, то есть наличие у человека или у всего народа двух языков, обычно первого – родного и второго – приобретенного».

В научном сообществе различают несколько классификаций билингвизма:

- ранний билингвизм – когда ребенок учится одновременно своему родному, базовому и второму, иностранному языку с рождения;

- поздний билингвизм – когда человек начинает изучать второй иностранный язык уже после того, как сформированы навыки общения на первом языке.

Исследователи Залевская А.А. и Медведева И.Л. различают понятия естественного и искусственного билингвизма. Они считают, что второй язык изучается с помощью окружающих и постоянной речевой практики без осознания языковых явлений, а иностранный язык - при приложении определенных усилий, а также с использованием специальных методов и приемов.

Верещагин Е.М. выделяет четыре критерия классификации билингвизма, при этом билингвизм он оценивает по числу действий, выполняемых на основе данного умения:

- рецептивный билингвизм, то есть когда билингв понимает речевые произведения, принадлежащие вторичной языковой системе. Такой вид билингвизма возможен при изучении мертвых языков.

- репродуктивный билингвизм, то есть когда билингв способен воспроизводить прочитанное и услышанное.

- продуктивный билингвизм, то есть когда билингв понимает и воспроизводит речевые единицы, принадлежащие вторичной языковой системе, и генерирует их.

Принимая за основу классификации билингвизма соотнесенность двух речевых механизмов между собой, когда обе языковые системы могут функционировать независимо друг от друга, или могут быть связаны между собой во время акта речи, ученые выделяют вслед за Л.В. Щерба:

- чистый билингвизм, при котором имеет место усвоение второго языка от его носителей и, следовательно, национально специфические особенности усваиваются, без искажения;

- смешанный билингвизм, при котором языки свободно заменяют друг друга, а между двумя речевыми механизмами, относящимися к порождению разноязычной речи, возникает связь. При смешанном двуязычии изучаемый язык воспринимается через призму родного языка. Строй изучаемого языка искажается категориями родного языка, потому что нет абсолютно тождественных понятий у носителей разных языков, более того, слова могут обозначать один и тот же предмет, но представлять его по-разному, поэтому и перевод никогда не бывает точным.

Другую классификацию предлагает С. Манина. Так, существует массовый и индивидуальный билингвизм, каждый из которых может быть, в свою очередь, естественным или приобретенным. Носителем естественного массового билингвизма выступает сообщество - от небольшой группы людей до социума. Этот вид билингвизма охватывает весь народ или подавляющее его большинство, а один из компонентов двуязычия выступает как средство межнационального общения. Социальный билингв постоянно находится в двуязычном окружении и попеременно обращается то к одному, то к другому языку. Следующим типом билингвизма является профессиональный тип - индивидуальный, приобретенный. Его представитель - переводчик, использующий в коммуникации чаще всего два языка. В отличие от природного, естественного билингвизма, который обычно является практикой народов, переводческий носит профессиональный характер, и, как правило, ограничен социальной практикой конкретного индивида. Для билингвизма этого типа важен функциональный статус употребляемых языков и их типологическая близость.

Считается, что абсолютно одинаковое владение двумя языками невозможно. Абсолютный билингвизм предполагает совершенно идентичное владение языками во всех ситуациях общения. Это связано с тем, что опыт, который человек приобрел, пользуясь одним языком, всегда будет отличаться от опыта, приобретенного с использованием другого языка. Два языка обычно бывают сформированы у человека в разной степени, поскольку не бывает двух совершенно одинаковых социальных сфер действия языков и представленных ими культур. Поэтому в определении билингвизма отсутствует требование абсолютно свободного владения обоими языками. Если один язык не мешает второму, а этот второй развит в высокой степени, близкой к владению языком у носителя языка, то говорят о сбалансированном двуязычии. Тот язык, которым человек владеет лучше, называется доминантным; это не обязательно первый по времени усвоения язык. Соотношение языков может измениться в пользу того или иного язы-

ка, если будут созданы соответствующие условия: один из языков может частично деградировать, перестать развиваться, вытесняться из употребления; либо, наоборот, язык может возрождаться, поддерживаться, доводиться до уровня официального признания и употребления.

Несмотря на то, что билингвизм рассматривается с разных позиций, все отрасли знания исходят из следующего: существует первичная языковая система, которая используется для общения.

Литература

1. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974.
2. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком. – М.: Готика, 1999.
3. Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Новое в лингвистике. – 1972. – № 6. – С. 25-60.
4. Розенцвейг В.Ю. Основные вопросы теории языковых контактов // Новое в лингвистике. – 1972. - №6. – С. 5-24.
5. Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика. – М.: Просвещение, 1987.
6. Залевская А.А., Медведева И.Л. Психолингвистические проблемы учебного двуязычия: учебное пособие. – Тверь: Издательство Тверского государственного университета, 2002.
7. Верещагин Г.М. Психологическая и методологическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М.: Изд-во МГУ, 1969.
8. Зимняя И. А. Психология обучения неродному языку. - М.: Русский язык, 1989.

ENGLISH GRAMMAR EXERCISES FOR ESL STUDENTS

Kamzina Zh.

Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

It is no doubt that to master a foreign language grammar student must be engaged in activities which are characteristic of the language. The main factors which contribute successful speech activity and form grammatical skills are exercises. They form, develop and improve language skills and abilities [3].

Grammar exercises should develop students' habits and skills in using the grammar items to be learned in speaking, reading and writing. The

teaching of grammar may largely be carried on through sentence patterns, phrase patterns in word as a pattern, and the ample use of these patterns in various oral and written exercises. Therefore grammar must be subdivided into small fragments, each taught in response to an immediate need. That is why, grammar exercises must be suggested in connection with situations, and remind us of the real usage of grammar forms and structures [1].

One of the grammar exercises are drills. Drill exercises are based on composing sentences or phrases according to a certain model. Drills are preferably used in whole classes when teachers want to practice some grammatical items. Drills are quick and efficient and allow teachers to correct any mistakes straight away. It can help students commit grammar patterns to memory and provide them with practice in pronouncing new patterns, helping them to become comfortable articulating the target language forms.

Drills fall into three categories:

- mechanical;
- meaningful
- communicative [2].

Mechanical drills require minimal comprehension of content on the part of students and serve only to reinforce patterns. In a “backward build up” drill, for instance, the teacher leads and students usually respond as a whole group.

In contrast, meaningful drills require students to understand the language in order to respond correctly, but the activity is tightly controlled because only one answer is possible.

Communicative drills encourage students to connect form, meaning, and use because multiple correct responses are possible. In communicative drills, students respond to a prompt using the grammar point under consideration, but providing their own content. For example, to practice questions and answers in the past tense in English, teacher and students can ask and answer questions about activities the previous evening.

According to G.V. Rogova drill exercises are more completed as they require reproduction on the part of the students. In learning a foreign language, drill exercises are indispensable. The learners cannot assimilate the material if they only hear and see it. They must reproduce it both in outer and inner speech. The more often they say it the better they assimilate the material. Drill exercises are also subdivided into 4 groups:

- Repetitive drill;
- Substitution;
- Completion;
- Answering the teachers' questions [2].

In the repetitive drill students pronounce the sentence pattern after the teacher, in imitation of the teacher, both individually and in unison.

For example:

Teacher: They are dancing in the park.

Class: They are dancing in the park.

In such exercises attention is drawn to the correct pronunciation of the sentence pattern as a sense unit, as a statement (sound, melody and stress).

In the substitution drill students substitute the words or phrases in a sentence pattern.

For example:

The children are walking in the street.

The children are walking in the park.

The children are walking in the garden.

In such exercises a student substitutes a phrase, the rest may say unison. Then they may replace the verb in a sentence with another verb. There is one advantage in performing this type of exercises – students consolidate the grammar item without thinking about it. They think of the words, phrases, but not of the form itself, therefore, involuntary memory is at work. Substitution drills are used to fix grammatical material and develop automaticity in using various grammatical structures in similar situations, this type of exercise is responsible for the formation of very flexible mastering skill all forms of the given grammatical phenomenon.

In the completion drill students complete the sentences the teacher utters looking at the pictures he shows.

Example: Teacher: Look at the picture.

Mike is.....

Student: Mike is getting up.

In this exercises attention should be given to the use of “is”.

Answering the teacher's questions is characterized in asking questions by a teacher using active vocabulary or the grammar phenomenon is taught.

Example:

Teacher: Is Mike is getting up?

Students: Yes he is.

One of the most motivating activities of grammar exercises is using role-playing exercises. In most role-playing exercises, each student takes the role of a person affected by an issue and studies the impacts of the issues on human life and/or the effects of human activities on the world around us from the perspective of that person. More rarely, students take on the roles of some phenomena, such as part of an ecosystem, to demonstrate the lesson in an interesting and immediate manner. Role-playing is simultaneously interesting and useful to students because it emphasizes the "real-

world" side of science. It challenges them to deal with complex problems with no single "right" answer and to use a variety of skills beyond those employed in a typical research project. In particular, role-playing presents the student a valuable opportunity to learn not just the course content, but other perspectives on it. The instructor needs to decide the context for the exercise and the roles that the students will play. If the students are taking human roles, the context is generally a specific problem such as global warming or dealing with an active volcano. Lessons need to be carefully explained and supervised in order to involve the students and to enable them to learn as much as possible from the experience. However, a well-done scenario never runs the same way twice, teaches people things they might not ordinarily have learned, and tends to be fun for all involved [4].

The role play simulates an interpersonal communication and forms a system of interrelations between the speech partners in the elementary stage of training already. The role play also removes artificiality from the teaching process, a constraint in the communication of learners, attracts them by its fidelity, adequacy to life. One should consider preliminarily what an exercise is and what its features are in order to define the place of role play in the system of exercises in the elementary stage of training, to establish whether the role play is an exercise [4].

We have already mentioned that grammar exercises may be done both orally and in written form. Among oral exercises G.V. Rogova suggests recognition and creative exercises. Recognition exercises are the easiest type of exercises for students to perform. They observe the grammar item in structures and sentence patterns when hearing or reading. Since students only observe the new grammar item, the situations should be natural and communicative. Recognition exercises are indispensable, as students retain the grammar material through auditory and visual perception. Auditory and visual memory is at work.

Creative exercises are the most difficult type of exercises as it requires creative work on the part of the learners. These may be:

- Making statements either on the picture the teacher shows, or on objects. For example, the teacher hangs up a picture and asks his pupils to say or write three or five statements in the Present Continuous.

- Asking questions with a given grammar item. For example, pupils are invited to ask and answer questions in the Past Indefinite.

- Speaking about the situation offered by the teacher. For example, one pupil gives commands to perform this or that action, the other comments on the action (actions) his classmate performs.

- Speaking on a suggested topic. For example, a pupil tells the class what he did yesterday.

- Making dialogues using the grammar item covered orally
- Dramatizing the text read. For example students read the text in persons.
- Telling the story (read, heard).
- Translating into English.
- Participating in free conversation in which students are to use the grammar item they have learned. Through these questions students are stimulated to use item they have learnt [2].

All the exercises mentioned above are designed:

- to develop students' skills in recognizing grammar forms while auding and reading English texts.
- to accumulate correct sentence patterns in the students' memory which they can reproduce whenever they need these patterns for speaking or writing;
- to help the students to produce sentences of their own using grammar items necessary for speaking about a situation or a topic offered, or writing an essay on the text heard or an annotation on the text read.

Among written exercises sentence transformation exercises are also very helpful. It is an exercise where learners are given one sentence and need to complete a second sentence so that it means the same. The second sentence usually has a prompt.

The following is an example of a transformation question:

Call me immediately he arrives Call me _____ he arrives (soon)

Answer: Call me as soon as he arrives

In the classroom sentence transformation exercises involve learners in consciously manipulating language patterns, and can raise their awareness of structure. They are a common test item, where they are used to test discrete items of language, usually structural. Sentence transformation exercises help you expand your usage skills through testing various ways of stating the same idea. The ability to rewrite sentences so that they have the same meaning as the original is often required for many English ESL exams such as Cambridge's First Certificate, CAE and Proficiency. This skill can also help you prepare for the TOEFL examination (Test of English as a Foreign Language). It is also an important skill which can help you improve your understanding of similar English expressions and vocabulary.

Transformational exercises provide an opportunity to develop students' skills of combination, substitution, shortening or widening a set of grammatical structures in speech. This training method is actually merges with the method of using the assimilated grammatical material in speech. In practicing these exercises, teacher should keep in mind two interrelated objectives first of all, to provide memorizing the grammatical material is

taught and secondly, to provide development of relevant skills and at the same time open to students a clear speech outlook of using these skills. In this relation even the smallest grammatical exercise should be constructed so that students can immediately feel the benefits of the effort, not only in the knowledge of linguistic theory but in practical use of a foreign language.

Another written type of grammar exercises are multiple-choice exercises, where the aim of students to choose the answer that they think is right from several possible answers that are listed on the question paper. The role of multiple choice exercises in the formation of knowledge and skills is very high. They form students' ability to differentiate similar but not identical grammar phenomena and make them think motivating by choice of the right variant, intensify the work of students and attract interests not only to teaching material but also to the process of cognitive activity in solving grammar issues. The use of multiple-choice tasks can be effective only in those cases when students are ready for this work, it means that all selected variants should be reviewed and the students need to know the differences.

One of the wide spread written exercises are gap-filling exercises. In language teaching gap filling is an exercise in which students have to replace missing or a suitable words. In the classroom gap-fill exercises are often used to practice specific language point such as items of grammar.

Translation exercises are also widespread type of exercises. Translation may be done from a foreign language into the mother tongue or vice versa. It is important to make students become conscious of the similarities and differences between the mother tongue and a foreign language, since with this knowledge they will be able to acquire the FL in an easier way. The roles of translation exercises in the foreign language classroom are many: first, it helps students to see the link between language usage and use; secondly, it encourages students to see the similarities and differences between L1 and L2, thirdly, through a comparison of the target language and the students' native language, most language learning difficulties are revealed.

Analyzing all possible types of grammar exercises and having considered that grammar exercises may be done both orally and in written form we defined the following oral grammar exercises: role plays, creative and recognition exercises. Written grammar exercises are: sentence transformations, gap-filling and multiple-choice exercises. Drills and translation exercises may be done both orally and in written form.

Bibliography

1. Brown, H. Douglas. Teaching by Principles: an Interactive Approach to Language Pedagogy. – 2nd ed, 2001 by Eddison Wesley Longman, Inc.
2. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку (на английском языке): учеб. пособ. для студентов пед. ин-тов по спец. Иностр. яз. – 2–е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1983.
3. Harmner J. How to Teach English, Edinburg: Pearson Education Limited, 2001.
4. Kris, P. A Role Play Activity with Distance Learners in an English Language Classroom, National University of Malaysia
5. Hornby, AS. Oxford Advanced Learners' Dictionary of Current English, Oxford: Oxford University Press, 1974.

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Тургумбаева Н.К., Нурланова А.Н.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Салыстырмалы тіл білімі бастапқыда көптеген тілдердің бір Мезгілдегі салыстырмалы сипаттамасы ғана болды. Материалдың кенеюі әдісті дамыту мен жетілдіруді талап етті. Тіл санатын белгілеудің жалпы әдісі арнайы әдістерге бөлінді. Тіл білімінің ішінде арнайы пәндер (салалар) қалыптасты.

Әр түрлі тілдердің фактілерін салыстыру тіл білімінің алдына осындай салыстыру принциптерін белгілеу міндетін қойды, өйткені салыстыру дұрыс жүргізілмесе, дұрыс нәтиже бермейді. Мысалы, егер орыс тіліндегі *ну* («ал енді», «тездет» мағынасында) одағайы мен қытай тіліндегі *ну* («күл» мағынасында) сөздерінің мағына үндестіктерін салыстырсақ, «қудаланатын күл» мағынасын берер еді. Онда мұндай салыстыру мағынасыз, бірақ жалған орыс-қытай этимологиясын тудыруы мүмкін: Мысалы, В. К. Третьяковский, орыстың *скот* сөзі мен шотландиялықтардың асыл тұқымды *Skott* жалқы атауын біріктіре отырып, бұл халықтың атауы «мал», демек «жануарлар» сөзінен болып шыққан. Сондықтан бір-бірімен тұтас жүйелер салыстырылуы тиіс, осыдан кейін ғана жүйелердің бөліктерін немесе тіпті жекелеген элементтерді салыстыруға болады, бірақ ең алдымен осы кіші жүйелер немесе жекелеген элементтер тұтас жүйелерде сәйкес орын алатынына көз жеткізіп алған жөн.

Салыстырмалы тіл білімі бастауын XVI ғасырдан алады. Бұл ке-

зеңде Еуропаның ұлттық тілдерінің грамматикалары құрастырыла бастады. Жаңа ұлттық (басқаша аты вольгарлық, яғни халықтық) тілдер классикалық латын, грек және ежелгі еврей тілдерімен салыстырғанда анағұрлым зерттелмеген. Сонымен қатар, классикалық тілдер сол кезде өлі болған жоқ, өйткені бұл тілдерде, ең алдымен дін және ғылым саласында жазбаша және ауызша тіл қолданысы жүзеге асып отырған: іскерлік хат алмасу жүрді, кітап жазылды және басылып шықты, оқыту жүргізілді және т.б. Ал ұлттық тілдер ғылыми және діни қарым-қатынаста, сондай-ақ іскерлік қарым-қатынаста да пайдаланылмады. Олардың сөздігі мен синтаксис формалары бұл үшін жеткілікті дамыған жоқ болатын. Классикалық және жаңа вольгарлық тілдерді мәнерлі мүмкіндіктерін теңестіру үшін оларды салыстыру және олардың мәнер құралдарының көлемі мен деңгейін анықтау қажет болды.

Мұндай салыстыру таза ғылыми міндет атқарды. Ол алынған білімді тікелей қолдануды көздеген жоқ, бірақ бұл білім кейіннен тіл саясаты мен мектеп саласындағы практикалық іс-әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін еді (алынған білім Еуропаның ұлттық-тілдік мәдениетінің тәжірибесінде әртүрлі қолданылған).

Вольгарлық және классикалық тілдерді салыстыру жүйелі болды, яғни тілдер жеке элементтер бойынша емес, тұтас жүйелер ретінде салыстырылды. Алғашында тілдердің фонетикасы ұлттардың әліпбилерін құрғанда ғана болмаса, жүйелі түрде салыстырылмады, бірақ бұл жұмыс таза қолданбалы сипатқа ие болды. Жүйелі түрде лексика мен грамматика ғана салыстырылды. Аспект бойынша салыстырудың мұндай түрі салыстырмалы (контрастивті, конфронтативті) тіл білімі деп аталды. Тілдерді аспектілі салыстыруда лексиканың да, грамматиканың да жүйелі қасиеттері сақталып отырды.

Салыстырмалы тіл білімі лексика саласында анағұрлым дамыды. Классикалық тілдегі мәтіндерге глоссарийлер құрастырылды. Бұл глоссарийлер классикалық мәтіндердің қиын сөздерін ана тіліне аударып, ана тілін жаңа сөздермен байытты.

Бұл глоссарийлер кейін сөздіктерде екі түрге жіктелді: жекелеген мәтіндерге арналған глоссарийлер және көптеген мәтіндерге арналған глоссарийлер, себебі кірме сөздер діни, ғылыми, құқықтық және басқа да ұғымдарды білдіру үшін сөздердің жетіспеушілігін өтей отырып, ана тіліне енген. Кірме сөздер жеке жинақтарға біріктіріліп, әр сөзге ана тілінде түсініктеме берілді.

Глоссарийлер мен азбуковниктер (классикалық тілдерден алынған сөздіктер) ана тілі лексикасының бейнесін жасады. Бұл сөздіктер ана тілінің сөздерімен толықтырылғанда, лексиканы салыстыруға

мүмкіндік туды. Лексикада негізгі үш категория анықталды: ана тілінің төл лексикасы, шет тілінен енген сөздер және классикалық тілдерден енген лексика [3].

Лексиканың үш категориясын бөліп қарастыруға, демек үш топтағы сөздердің этимологиялық негіздерін құруға мүмкіндік берді, олар - этимологиясы төл сөздер, басқа тілдерден енген және мәдени лексика - этимологиясын бөтен (классикалық) тілде іздеу керек сөздер. Егер бұған дейін этимология бір тілде сөзжасау процесі ретінде немесе атаулардың бейнелеу қасиеттері ретінде түсінілсе, енді этимология тілдердің сөздік құрамындағы қарым-қатынас ретінде қарастырыла бастады.

Бұл үрдістің екінші жағы сөздің мәнін жаңаша ұғыну болды. Сөз аударма және этимологиялық сөздікке түсіп, онда екі тілдің арасында мағыналық сәйкестігі және тіпті мағыналық баламалылығы белгіленетіндіктен, сөздің дыбыстық жағы елеусіз қалды. Егер бұрын кез келген сөз зат атауы ретінде түсінілсе, демек, зат туралы ұғымды ғана емес, дыбыстарды және сөздің мағыналық элементтерін (морфемаларды) ұштастыра бейнелесе, енді сөз ұғымды шартты түрде белгілеу үшін өзіндік белгі ретінде ғана түсініле бастады. Әріптердің дыбыстарды шартты түрде белгілейтіні сияқты, сөздің семантикалық, ұғымдық жағы сөйлеудің дыбыстық материалында көрініс бере бастап, оларға шартты түрде белгіленетін болды. Бұл тіл ой білдірудің тек ұғымдық құралы ретінде түсініле бастады деген сөз [1].

Грамматикалық жүйелер де осы іспетті салыстырылды. Бұл салыстыру екі жақты жүргізілді: грамматика жазылған тілде және грамматика теориясының өзінде.

Алдымен ана тілінің грамматикасы классикалық тілде жазылып, содан кейін классикалық тілдің грамматикасы ана тілінде жазыла бастады, ақырында XVIII ғасырда барлық тілдер ана тілінде жазылған өздерінің төл грамматикаларын алды. Ана тілінің грамматикалық терминологиясы осылай қалыптасты. Кей тілдерде кірме терминология болса, ал екіншісінде аударма, дәлірек айтқанда калькаланған терминология болды.

Грамматикалық ұғымдарды әзірлеу да ерекше жолмен жүрді. Грамматика тарихы «ана тіліне классикалық тілдер парадигмаларының грамматикалық форманттарын алуға бола ма?» - деген сұрақ қойды. Грамматика тәжірибе жүзінде жазылып, онда ана тіліндегі негіз сөзге латын тілінің жалғаулары жалғанды. Алайда, бұл әдіс жалғасын таппай, басқа жол таңдалды: сөз таптары, сөздерді түрлендіру парадигмалары, сөз тіркесі мен сөйлем мүшелері арасындағы екі тілдің мағыналық баламалылығын орнату. Классикалық тілдерден морфема-

лардың грамматикалық кірмелерін алу салыстырмалы түрде сирей бастап, сөз құрушы элементтер - префикстер мен жұрнақтарды алу кезінде қолданылды (сөз түрлендіруші аффикстер емес).

Грамматикалық ұғымдардың құрамы да әзірлене бастады. Грамматикалық жүйелерді салыстыру кезінде қандай грамматикалық мағыналар ана тілінде ұсынылуы тиіс деген сұрақ қойылды. Осы сауал әр тілде қай грамматикалық мағыналар міндетті түрде берілуі керек деген сауалды тудырды. Оны зерттеу нәтижесінде *эмбебап грамматика* сияқты тіл білімінің маңызды саласы пайда болды [1].

Эмбебап грамматика тілдерді салыстыру эталоны ретінде алынып, оның көмегімен жиі қолданысқа түскен вульгарлы, классикалық және басқа да тілдер салыстырылды. Эмбебап грамматика грамматика мен лексика семантикасы арқылы тілдерді салыстыруға жәрдемдесті. Осылайша, Н. Я. Бичурин орыс және қытай тілдерін салыстыра отырып, орыс тіліндегі көптік мағына зат есімдердің, сын есімдердің және етістіктердің көпше түрлерімен білдірілетіндігін анықтады. Ал қытай тілінде көптік мағына жіктеу есімдіктері мен жіктеуді білдіретін сөздерге *-мынь* суффиксі және сан есімдер мен зат есіммен тіркескен есеп сөздерге (тек қытай, жапон тілдерінде бар сөз табы) *-чжу* префиксінің қосылуы арқылы берілетінін ашып көрсетті [5].

Эмбебап грамматикадағы категорияларды белгілеу үрдісі мынадай түрде жүреді:

1) ой білдіру қажеттіліктеріне қарай мағына беріледі;

2) кейбір жиынтығы, негізінен аудармалы және сондықтан семантикалық эквивалентті екі тілдегі мәтіндердегі беріліп отырған мағына тұрғысынан қарастырылады, мәтіндердің көлемі мен сипаты салыстырылатын тілдердің әрқайсысында осы мәнді білдіру тәсілдері туралы толық мәлімет алынатындай етіп таңдалады;

3) бірегей мәні бар категория анықталады;

4) екі тілде де мағынаны берудің баламалы тәсілдері белгіленеді.

Бұл салыстырмалы тіл білімінің принциптері қазір де осы үрдісте жүреді. Алайда жеке тіл білімінің дамуы нәтижесінде, салыстыру жаңа материалды қамти отырып тереңге кетеді. Қазіргі тілдер фонетика, морфемика, сөзжасам, лексика, фразеология, формальды және семантикалық синтаксис тұрғысынан салыстырылады. Осылайша, салыстырмалы тіл білімі тілдің барлық сатылары мен қабаттарын сипаттай бастайды. Тиісінше салыстыру негізінің, яғни эмбебап жіктеме категорияларды бөліп көрсетуге деген көзқарас та өзгереді.

Эмбебап категориялар (қазіргі терминологияда - тілдің универсалийлері) салыстырмалы тілдердегі материалдық көрсеткішті ескере отырып бөлінеді: мысалы, дауысты, дауыссыз, буын, фонетикалық

сөз, сөйлем мүшелері, семантикалық синтаксистің стилистикалық категориялары, инверсия түрлері, фразеологиялық, семантикалық инварианттар, сөзжасамның инвариантты формальды модельдері және т.б. Осы негізде тілдер баламалы мәтіндердің көмегімен салыстырылады. Зерттеудің мұндай түрі *конфронтативті* деп аталады. Конфронтативті зерттеу кезіндегі салыстыруға негіз болатын әдетте формальды мағыналық категория болады, яғни мағына қатынасы зерттеледі. Мұнда салыстыруға негіз ретінде салыстырмалы тілдердің бірінде бір немесе бірнеше категориялардың семантикасы тандалуы мүмкін, мысалы, қазақ тіліндегі етіс категориясының грамматикалық мағынасы. Одан кейін тандалған мағынаны беретін сәйкес категория онымен салыстырылатын тілде қарастырылады. Алайда лингвистикада немесе көп жағдайда аударматану салыстырылатын тілдердің баламасы жоқ құралдарын анықтап, эквивалентсізділікті еңсеру тәсілдері зерттелсе, онда зерттеудің мұндай түрін *контрастивті* дей бастады. Мұнда грамматикалық мәндердің арақатынасы зерттеледі [2].

Осылайша, егер салыстыру кезінде айырмашылыққа басты назар аударылса, контрастивті лингвистика туралы айтамыз. Егер бір Мезгілде жалпы да айырым белгілер де есепке қоса алынса, конфронтативті лингвистика туралы айтамыз. Алайда, қазіргі лингвистикада конфронтативті және контрастивті талдау арасында қатаң шекара сызуға болмайды, өйткені екі тәсіл де зерттеудің бірдей әдістерін қолданады.

Салыстырмалы тіл білімі				
	Салыстырмалы-тарихи лингвистика	Салғастырмалы лингвистика	Конфронтативті лингвистика	Контрастивті лингвистика
Зерттеу нысаны	Генеологиялық туыстас тілдер	Генеологиялық туыстығы жоқ тілдер	Генеологиялық туыстастығы ескерілмейтін кез-келген тілдер	Генеологиялық туыстастығы ескерілмейтін кез-келген тілдер
Тіл аралық бірліктер	Баламалы, баламасыз тілдік бірліктер	Баламалы, баламасыз тілдік бірліктер	Баламалы тілдік бірліктер	Баламасыз тілдік бірліктер


Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Мобильді технологиялар білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі заманғы оқыту мобильді байланыс құралдарының таралуына, білім беру сапасын жақсартатын және студенттерді шет тілін оқытуда педагогикалық мүмкіндіктерді кеңейтетін көптеген оқу бағдарламалары мен жаңа технологияларды белсенді енгізуге байланысты. Ақпараттық технологиялар ғаламдық ақпараттық кеңістік құра отырып, ақпараттық ағындардың қоғамға таралуын қамтамасыз ете отырып, адами қызметтің барлық салаларына енді.

«Мобильді оқыту» - білім беруде педагогтердің жұмысын жеңілдетуші, мүмкіндіктерін кеңейтуші, білім тереңдігін күшейтуші технология және негізгі оқыту формасына қосымша көмекші құрал деп те қарастырылады.

«Мобильді оқыту» «қашықтықтан оқыту» ұғымымен тығыз байланысты. Себебі, оқытушы мен оқушының арасындағы қарым қатынас формасы қашықтықтан (оқушы - объект, оқытушы - субъект) орындалады, оқу үдерісінің компоненттері (мақсаты, мазмұны, әдіс тәсілі, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) толық қамтылады. Мобильді оқытудың оқыту формасының қашықтықтан оқытудан өзгешелігі, мобильді оқыту технологиясы оқу үдерісін нақтылайды, яғни оқушы өзінің білім алуына қатысушы белсенді (білім беру үдерісінде оқушы - субъект).

Біздің елімізде қазір «мобильді оқыту» электронды оқытудың қосымша формасы ретінде қолданылуда. Бірақ қолданылу аясы әлі де болса қажетті деңгейде емес. Оған себеп:

1. Сапалы білім беретін контенттердің жеткіліксіздігі және оны іске асыруға қажетті алғы шарттардың жеткіліксіздігі;
2. Жаппай білім алуға пайдаланылатын біртұтас жүйенің жасалмауы;
3. Желілік байланыс қызметінің бағасының жоғарылығы.

Тексеру процесін автоматтандыру аудиторлық уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалауға арналған қосымшалардың ішінде атап өтуге тұрарлықтары: математикалық және шығармашылық есептер үшін онлайн сервистер (Theanswerpad, Peergrade), тест үшін қосымшалар (Kahoot, Socrative), бағалаушылар (Plickers, Gradedeck, Quick key), онлайн платформаларда тест өту үшін студентке есептік жазба, ұялы клиент және тұрақты интернет қосылым қажет. Бұл оны орындау кезінде қиындық тудыруы мүмкін. Сон-

дықтан дәстүрлі және инновациялық әдістерді біріктіретін бағалаушы қосымшаларға назар аудару мағынасы бар – Студенттер қағаз матрицаға жауап бере отырып, жұмысты орындайды, содан кейін оқытушы құжатты смартфонмен сканерлейді және мәліметтерді өңдеуге жібереді (1-кесте).


Кесте 1. Автоматты талдауға арналған бағдарламалар

	ZipGrade	Grade Deck	Wise	Quick Key	Gradecam
Нұсқасы	2.22.284	2.0.3	2.0	0.1.222	5.0.18
Пайдалану мүмкіндігі	100	Шексіз	100	100	Шексіз
Максималды сұрақтары	100	100	100	30	10
CSV мүмкіндігін қолдау	Бар	Бар	Бар	Бар	Жоқ
Кросс-платформалық	Бар	Бар	iOS	Бар	Бар
Тапсырмалар түрі	Multiple choice True/False	Multiple choice True/False	Multiple choice True/False	Multiple choice Open response Match question	Multiple choice True/False

Мобильді құрылғылар Интернет желісіне қосылу құралы. Электронды оқыту курстары, білімді бақылау, тестілеулер, практикалық жұмыстарды орындау және басқа да оқу материалдарына қол жетімділікті ұйымдастырушы арнайы порталдарды қолданушылар мобильді құрылғыларды пайдалана алады.

ZIP Grade. Қосымша, студенттер жауаптарының сандық көшірмесін алуға және жылдам нәтиже беруге мүмкіндік береді. Студент дұрыс жауапты таңдайды, оны басып шығарылған бланкіге енгізеді, ал оқытушы олардың жауаптарын телефон арқылы тексереді.

Алдымен студенттер жауап беретін бланктерді табу қажет. Zip-Grade сайтынан <https://www.zipgrade.com/>, Answer Sheets парақшасына өтіп, қажетті жауап бланкісі таңдалады. 20 сұраққа дейін, 50-ге дейін немесе 100-ге дейін.



Сурет 1. ZipGrade бағдарламасының көрінісі

Әрбір оқытудың жаңа технологиялары оқыту теориясы бойынша белгілі бір субъектілердің қарым-қатынасындағы қасиеттерін өзгерте жаңа өрістегі белгілерді қалыптастыруға ұмтылады. Оған қажетті оқытудың құралдарын өзгерте жаңа мазмұнда, жаңа сипатта жетілдіре анықтауды көздеген.

Оқыту технологияларын сабақта қолдану студенттердің білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай тандап қолданса, студенттерге білім беру сапасы жақсарады.

Әдебиеттер

1. Traxler J. Current State of Mobile Learning // Mobile Learning: Transforming the Delivery of Education and Training. 2009 [Элек-трондық ресурc] URL: <http://www.aupress.ca/index.php/books/120155>;
2. Маматов А.В., Немцев А.Н., Штифанов А.И., Беленко В.А., Загороднюк Р.А., Немцев С.Н. Использование технологии сотовой связи и мобильных устройств в дистанционном обучении. – М., 2012.
3. Система «Білім ал» [Электрондық ресурc] URL: www.bilimal.kz;
4. Логинова А. В. Использование технологии мобильного обучения в образовательном процессе // Молодой ученый. - 2015. - №8. - С. 974-976.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Толеуханов К.Т.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Елбасы Н.Ә. Назарбаев әрбір жылғы халқына арнаған жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған; шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын.

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен білім алушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану білім алушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Қазіргі жаңа технология заманында білім алушыларды қызықтырып, асық, бес тас ойындар деп айту өте қиын іс екені анық. Сондықтан білім берудің жаңа технологиясын пайдаланып, дене тәрбиесі пәнін жаңа технологиялық әдіспен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, ұлттық ойындарды, спорттық ойын түрлерін, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып, пайдалануға болады.

Әрбір білім алушының санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз қажет. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті

жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу - бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру - бұл адамды өзі өмір сүрген органың жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.

Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, білім алушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім - білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу - еліміздің білім саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Сонымен, түйіндеп айтарым, сабақта және тәрбиеде, мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдалансақ, дене тәрбиесі пәнінде білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдарын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда білім алушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

Жалпы орта мектептердегі «дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің екінші съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп білім алушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін

міндет өте ауыр» деген болатын. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Ал ел тағдыры оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болмақ.

«Біздің стратегиялық міндетіміз - бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу» деп ел басшымыз әңгіменің басын ашып айтқаны бар.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен білім алушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де білім алушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан білім алушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім білім алушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық білім алушының дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық білім алушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл білім алушылар арасындағы бәсекелестікті және әр білім алушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Білім алушының бойында оның өміріне қажетті іс-әрекет тәсілдері мен технологияларын қалыптастыруға негізделген оқытуды ұйымдастырудың амал-тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау – қазіргі таңда кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелердің бірі.

Жеке тұлғаның дамуы үшін білім алушының қарқынды іс-әрекеті болуы шарт. Алайда кез-келген іс-әрекет білім алушының қабілетін, дарынын, мінез-құлық белгілерін, білік пен дағдыларын дамыта алмайды. Қабілеттіліктің дамуы үшін өз барысында білім алушының бойында жағымды сезімдер туғызатын іс-әрекет қажет. Білім алушы белгілі бір жұмыспен міндет үшін емес, баға үшін емес, сол жұмыспен өзі айналысқысы келетін болғандықтан жетістікке ұмтылады, яғни ол білім алушыда жағымды сезімдермен байланысты қажеттілік бар.

Осыған байланысты жеке тұлғаның дамуының тағы бір бастауы өзіне көңіл аудартады. Бұл жеке тұлғаның мәдени ұстанымдарынан бастау алатын өз-өзіне деген қалыптастырушылық, талап қоюшылық ықпалы.

Қазақстан әлемдік қауымдастық қатарында басқа елдермен терезесі тең дәрежеге қол жеткізуі үшін, жас ұрпақтың нұрлы болашағы үшін осындай батыл қадамдарға бару қажет. Қоғам игілігі, елдің өркендеп дамуы үшін жасалып жатқан осы маңызды бастамаға білім беру және ғылым саласы қызметкерлерінің, жалпы барша халықтың қолдау көрсетіп, барынша ат салысатынына сенеміз. Сол сенім бізді алға жетелейді. Халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты ол біздің – тәуелсіздігіміз. Оның іргетасының мықты болып, нығаюы жас ұрпақтың терең білімі мен тәлімді тәрбиесіне байланысты болмақ.

Әдебиеттер

1. Алимханов Е.А. Дене тәрбиесі және спорттағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізу. Оқу – әдістемелік құралы. – Алматы, 2013.
2. Ботағариев Т. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2017.
3. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: ғылыми-теориялық журнал, 2014 ж.
4. Қарақов А. Қозғалыс белсенділігі – дене тәрбиесінің бастауы. - Әдістемелік құрал. - Алматы, 2017.
5. «Дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы ұлт денсаулығын нығайту» - халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. - Орал, 2018.

ЗАМАНАУИ АРНАЙЫ ОРТА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚИТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сембина Ш.К.

Өскемен экономика және қаржы колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі оқытушының рөлі аудиториялық сабақтарда оқулықтағы қиын жерлерді таза механикалық түсіндіруден білім алушылармен шығармашылық қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ дұрыс шешімдерді бірлесіп іздеуге көшуді көздейді. Бұл ретте студенттердің өздігінен білім алуы мен өзін-өзі дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға көп көңіл

бөлуге тура келеді. Оқу процесі білім, білік және дағды кешенін қалыптастыруға, жалпы дамуға, ақпаратты жинау және өңдеу бойынша дербес қызмет әдістерімен қарулануға, осылайша ескірген "Бүкіл өмірге білім" формуласының өзекті "Бүкіл өмір арқылы білім" формуласына көшуін іске асыруға бағытталуы тиіс Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану кезінде жаңа оқу ортасын қалыптастыра отырып, оқытуға осындай көзқарасты неғұрлым тиімді іске асыруға болады [1].

Колледждердің техникалық мамандықтарының студенттері оқытылатын пәндердің ерекшелігіне байланысты гуманитарлық мамандықтар студенттерінен айырмашылығы бар, соның ішінде әртүрлі схемалармен, диаграммалармен, кестелермен, сызбалармен және т.б. бай оқу материалымен жұмыс істеуге мәжбүр екендігіне назар аударайық. Бұл ерекшелікті ескермеуге болмайды.

Осыған байланысты соңғы жылдары бастапқы графикалық дайындық деңгейі аса өткір – төмен болған колледждердің техникалық пәндерінің оқытушылары кездесетін проблеманы қозғамауға болмайды. Кеңістіктік көріністер мен кеңістіктік ойлаудың жеткіліксіз қалыптасуы, проекциялық сызудың бос орындары байқалады: студенттер кескінді проекциялық байланыстардың бұзылуымен сызады, бейнелердің өздері бейнеленген пәндерге және т.б. сәйкес келмейді. Кейбір жағдайларда бөлшектердің геометриялық пішінін талдау кезінде қиындықтар туындайды. Мұндай жағдайда келесі сұрақ өзекті болып қалады: білімдегі олқылықтарды жою және техникалық пәндерді оқу кезінде тұрақты практикалық іскерлікті қалыптастыру үшін оқу процесіне және тиісінше оқу-әдістемелік кешенге оқытудың қандай әдістемелік құралдарын, тәсілдері мен технологияларын қосу орынды болар еді. Аудиториялық сабақтарға бөлінген уақыт өте аз, ал біліктілік пен дағдыны қалыптастыру процесі уақытша екенін ескере отырып, сапаны жоғалтпай оқыту процесін қарқындату мәселесі өзекті болып отыр.

Техникалық пәндерді оқу кезінде мультимедианы (көру әсерлерін) кеңінен қолдану негізінде мәтіндік ақпараттың едәуір көлемін графикалық түрде ауыстыруға болады. Естеріңізге сала кетейік, техникалық мамандықтағы студенттердің көпшілігі өздерінің ментальдық ерекшеліктеріне байланысты дәл осындай графикалық түрде ұсынылған оқу материалын неғұрлым тиімді меңгеруге бейім. Бұл жағдайда ақпаратты игеру процесі өнімді болады. Мультимедиа мен анимацияны пайдалана отырып, анық, қысқа Графикалық ақпарат техникалық мамандықтардың студенттерімен жақсы меңгеріледі. Мұндай оқыту технологияларын қолдану өзінің тиімділігін дәлелдеді: олар за-

манауи компьютерленген (қағазсыз) оқыту жағдайында жеткілікті түрде оңай іске асырылады. Сонымен қатар мультимедиялық оқу құралдарын құру айтарлықтай материалдық шығындарды талап етпейді [1].

Мұнда негізгі мәселелер графикалық ақпаратты ұсынудың ең оңтайлы тәсілдерін пайдаланумен байланысты. Компьютер мониториянда "суреттің сапасы" да маңызды. Оқу материалын түсіну үшін көрнекілік пен қол жетімділікті арттыру үшін суреттің фото реалдылығын қамтамасыз ету қажет. Бұл жағдай технологиялық станоктар мен жабдықтар, кескіш құрал, машина бөлшектері, техникалық механика негіздері, материалдар кедергісі, автомобиль қозғалтқыштары теориясы және т.б. сияқты техникалық пәндерді оқу туралы сөз қозғаған кезде ерекше маңызға ие болады.

Оқу материалы адамда рационалды, эмоциялық бастауларды іске қосу керек. Оқыту кезінде анимацияны, мультимедияны пайдалану "логиканы үндестіреді" және білім алушының эмоционалдық саласын (бейнелі ойлау) және нәтижесі ретінде оқыту ұзақтығын айтарлықтай қысқартады, оқылатын материалды бір мағыналы түсіну барысында қателер санын азайтады.

Мұндай тәсілде студенттің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру студенттің өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі дамытудағы рөлін күшейте отырып, бірлесіп бөлінген (оқытушы студент) жеке іс-әрекетке көшуді жүзеге асыруға, сондай-ақ оқытудың деңгейлік саралануын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Студент оқу материалын өз бетінше оқып, компьютерлік құралдарды пайдалана отырып өз бетінше тексере алады. Тапсырмалардың күрделілік деңгейі ептілік пен дағдылардың қалыптасуына қарай өсуі мүмкін.

Өз бетінше оқыту кезінде уақытты үнемдеуге, оқушыларды таза механикалық, ретті жұмыстан босатуға және білім алудың сапалы деңгейін төмендетпей, оқыту процесін жандандыруға мүмкіндік беретін компьютерлік бақылау оқыту тестілерінің түрі өзін жақсы көрсетті. Бұл жерде кейбір жұмыстардың авторлары тест тапсырмаларын жасаған кезде пәндік тазалық ережелерін ұстануды ұсынады. Мысалы, физика бойынша тесттердің мазмұны сыналушыны математикадан бағаламай, эксперименталды бақылау жүргізудегі проблемалық жағдайдың мәнін көрсетуі тиіс. Бірақ, біздің ойымызша, техникалық пәндерді оқу кезінде бұл мүмкін емес, өйткені симуляциялық (көп экрандық) ойлау, яғни бір құбылысты әр жағынан бір мезгілде қарау сияқты кәсіби ойлаудың дамуына қайшы келеді. Бұл кәсіптік сапа қамтамасыз ету курстары деп аталатын алдыңғы пәндердің үлкен санына сүйенетін жалпылама және арнайы пәндерді оқу кезінде дамиды. Бі-

лім алушыларда мамандықтың тұтас қабылдауы және оқыған пәндердің жалпыланған біліміне сүйену қабілеті қалыптасуға тиіс. Пән үшін пән принципі бойынша оқыту тұлғаның кәсіби қалыптасуын тежейді.

Симультациялық ойлауды дамытудың мысалы ретінде теориялық механика, физика, материалтану кедергісі, механизмдер мен машиналар теориясы, материалтану, дәлдікті нормалау және т.б. пәндерге сүйенетін "машина бөлшектері, құрастыру негіздері" курсы қызмет ете алады. Білім сомасына бағдарлау машина бөлшектерін жобалауда автоматты шығармашылық көпжақты көзқарасты қамтамасыз етпейді. Ол үшін көптеген экрандық ойлауды дамыту керек, әсіресе, білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін оқыту тестілеуін жүзеге асыру кезінде және машина бөлшектерін құрастыруға көпжақты тәсіл дағдыларын үйрету мақсатында осы мәселелер бойынша оқу материалдарын ұсыну қажет. Сынақтарды құрастыру кезінде пәндік тазалық талабы бұл оқытылатын пәндер арасында қалқан құру деген осы. Тест тапсырмаларын құрастыру кезінде негізінен абстрактілі және, әсіресе, сөздік ойлауға сүйеніп, тесттің кең таралған төрт түрін (жабық, ашық, дұрыс сәйкестігін анықтау, дұрыс тәртіпті орнату) қолданады [3].

Сонымен, тестінің ашық нысаны бір элемент жоқ толық бекітілмеген, және тестілеуші кілт сөзді (екі сөзден аспайтын сөз тіркесі рұқсат етіледі) қояды. Жабық формадағы тестерде тапсырманың негізгі бөлігі бекіту түрінде қалыптасады, ол жауаптардың біреуі қойылғаннан кейін ішінара немесе жалған сөз сөйлеуге жүгінеді. Сәйкестікті орнатуға арналған тесттік тапсырмаларда келтірілген екі жиыннан шынайы жұптарды таңдау керек. Сыналатын адам бірінші топтың әрбір элементін екіншісінен бір немесе бірнеше элементтермен байланыстыру керек. Жиындарда негізінен сөз өрнегі бар. Дұрыс бірізділікті орнатуға арналған тест тапсырмаларында ұсынылған объектілердің (символдар, сөздер, формулалар, суреттер) жүру тәртібін анықтау қажет. Көптеген ретсіз элементтер берілген, олардың арасында тәртіп орнату қажет, яғни алған білімін дұрыс жаңғырту, ал шын мәнінде, сөздерді, символдарды, формулаларды шешу оқу проблемасында жалғыз дұрыс орналастырумен қайта жариялау қажет. Тест тапсырмаларының қарастырылған формалары білім сомасын бақылауға бағытталған, бірақ мәселелерді шешу қабілетін тексеруге емес, бірақ осы техникалық, инженерлік ойлаудың мәні.

Сондықтан техникалық пәндер бойынша тесттердің ерекшелігі олар мамандар ойлайтын кәсіби тілде жасалуы тиіс, техника тілінде (графиканы, проекциялық сызуды, кинематикалық, электрлік және принциптік схемаларды пайдалана отырып) болуы тиіс. Ұсынылатын

міндеттер проблемалық сипатқа ие болуы, әртүрлі оқу пәндеріне тән білімнің кең спектрін тартуды шешу үшін талап етуі, кәсіби (симульандық) ойлауды дамытуға ықпал етуі тиіс. Егер ауызша ойлау мидың сол жартысына тіреумен байланысты болса, онда сызбаларды оқу дамыған кеңістікті қиялды және кеңістіктегі адамның бағдарына, интуитивті қабылдау мен әлемді тануға, бейнелі ойлауға жауап беретін оң жартысын қосуды талап етеді.

Оң жақ жарты шарға жүктеме түпнұсқалық және жаңа конструкциялардың сызбаларын оқу және жұмыс істеп тұрғандармен салыстырғанда артады. Демек, кәсіби тестілеу сананың екі түрін, екі ойлау нысанын, адам шығармашылығының екі саласын қамтитын толыққанды адам санасына сүйенуі тиіс. Яғни, ауызша ойлаумен қатар ойлауды бейнелі дамыту қажет. Тест тапсырмаларының Кәсіби бағытталған оқу мәселелері мидың екі жарты шарының өзара әрекеттесуін жаттықтыру және білім алушыларда ең бастысы өзі меңгеруі тиіс вербалды айналымдарды білу емес, іс-әрекеттер болып табылатын кәсіби дағдыларды қалыптастыру мақсаты болып табылады. Оқу материалдарында адамда рационалды және эмоциялық бастаулардың синтезі болуы тиіс. Ал анимацияны, мультимедианы пайдалану "логиканы үндестіреді" және білім алушының эмоционалдық саласын (бейнелі ойлау) және нәтиже ретінде білім алуды тездетеді. Колледждерде техникалық пәндерді оқытудың тағы бір ерекшелігі – оқытудың дәстүрлі технологиясы бойынша біліктілікті талап ететін зертханалық практикумдарды өткізу, нақты зертханалық жабдықтарды, станоктарды, айла бұйымдарды, аспаптарды, бақылау-өлшеу құралдарын, демек, оларды орналастыру үшін үлкен өндірістік алаңдарды пайдалану қажеттілігі. Сонымен қатар, зертханалық жабдық әдетте жоғары құны мен күрделілігіне ие, бұл жоғары білікті қызмет көрсету персоналын, пайдалану шығындарын және ағымдағы жөндеуді талап етеді.

Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдар және есептеу жүйелерінің мүмкіндіктері шынайылыққа барынша жақын параметрлермен кез келген технологиялық жабдықтың іс жүзінде жоғары сапалы имитациясын орындауға мүмкіндік береді. Осылайша, осындай жағдайға шығу қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды – интерактивті оқу құралдарын пайдалану арқылы мүмкін болады, ол нақты жабдыққа қажеттілікті төмендетуге және сонымен бірге оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [1].

Компьютерлік модельдер студентке технологиялық жабдықтың конструкциясын зерттеуге, оның жұмыс режимдерімен, негізгі тораптармен және олардың функцияларымен, тораптар мен механизмдердің

базалық сипаттамаларымен танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан техникалық пәндер бойынша интерактивті оқу құралдарының компьютерлік модельдерін құру кезінде нақты жабдықтың параметрлері мен сипаттамаларын, нақты техникалық құжаттаманы есепке алады, нақты жабдықтың жұмысына заттай фото және бейне түсіріледі, қозғалтқыш жұмысының шуылын және басқа дыбыстарды жазу жүргізіледі.

Қорытынды: Оқытудың жоғары технологияларына көшуді жүзеге асыра отырып, оқу процесін қарқындата отырып, техникалық пәндерді оқу процесінде оқытудың барлық түрлеріне арналған мультимедиялық және интерактивті оқу құралдарын бақылау ретінде бірлесіп пайдалану тиімді болар еді.

Осындай үлгідегі оқу құралдарын құрастыру, сынақтан өткізу және жетілдіру, оқытудың жаңа инфрақұрылымын құру оқытушының студенттердің дербестігінің басымдығын ескере отырып, оқу үрдісінде жаңа рөлді сезінуіне әкеледі және нәтижесі ретінде білім алушыларды жаңа сапалы жоғары деңгейге шығаруға ықпал етеді, олардың болашақ мамандығына деген шынайы қызығушылығын нығайтады.

Әдебиеттер

1. Голощапов В.М., Викулов А. В., Моисеев В.Б., Репин А.С., Ширтладзе А.Г., Скрыбин В.А. Теоретическая механика. Статика, кинематика, динамика: Учеб. пособие. – М., 2018.
2. Передрей Ю.М., Романовский Б.В., Викулов А.С. Теоретическая механика. Словарь справочник: Учебное электронное пособие. – М., 2008.

БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЖЫМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

Касенова Ш.И.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Жас ұрпақта сапалы білім мен саналы тәрбие беру – бүгінгі заманың талабы. Бүгінгі күнгі білім берудің ең негізгі мақсаты – денсаулығы зор, білімі терең, адамгершілігі бар, туған жері мен тарихының ұлылығын құрметтей білетін жас ұрпақты тәрбиелеу. Бұл орайда адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

Қазіргі таңда оқытылатын пәндердің оқушылардың таңдайтын мамандығына қарай бағытталуына, яғни, мақсаты білім беру ісіне ерекше назар аударылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда жаңа технологияларды игеру әрбір оқытушыға қиын емес. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кез-келген сабақтарда жиі қолдануға болады. Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізсе, ол оқушының ойлау, есту, көру, ынталану, бақылау, қабылдау, іздену мен танымдық қабілеттерін ашуға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталған. Оқыту үдерісінде таңдап алған әдістемелік жұмысымының тақырыбы – оқытудың ұжымдық сипаты мен оқушының дербес ерекшеліктерін ұштастыру. Күлтегін нәтижесіне – шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыра алатын тұлға даярлау.

Сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін оқытушы үздіксіз ізденіп, шыңдалып, шығармашылықпен айналысып, білімін жетілдіруі қажет. Жеке әдістемелік жұмыс жоспарда – өз білімін жетілдіру, дарынды оқушылармен жұмыс, олимпиадаға дайындық, тәжірибе алмасу сабағын беру, қатысу, ашық тәрбие сабақтар өткізу, құжаттармен жұмыс түрлері бар. Сонымен қатар, өз тәжірибемде жаңа технология түрлерін оқушылардың қабылдау қабілеттеріне және жас ерекшеліктеріне байланысты пайдаланып отырамын. Биология және химия пәндерінде саралап, деңгейлеп оқыту мен топтасып оқыту оқушылар үшін қызықты, ал мұғалім үшін тиянақты. Себебі, оқушы білімді толығымен меңгереді және өздері қабылдап, әрі қарай пайдалана алады. Қосымша деректер іздеп, білімдерін толықтырады, оқушыларға тест және бақылау. Жұмыс дәптерлерімен жұмыс жасағанда, қиындықтар туғызбайды.

Оқытушының іс-әрекеті қаншалықты мақсатты әрі мазмұнды болса, оқушы іс-әрекетінің де нәтижесі сандай болады. Егер оқытушының іс-әрекеті мақсатсыз орындалған болса, онда оқушының да іс-әрекетінің нәтижесі төмен болады.

Оқытудың ұжымдық сипаты мынадай мақсат-міндеттерді шешеді:

1. Оқытушылар мен оқушылар бірлесе отырып оқытудың түпкі нәтижелерін көздейді, жоғары нәтижелерге жету жолдарын болжайды, іріктейді және талдайды;

2. Өзара қарым-қатынаста ой бөліседі, бір-бірін құрметтеуге үйренеді;

3. Атқарылған жұмыстар қоршаған ортадағы ахуалды жақсартуға, ортақ қуаныш пен ренішке бөленуге, маңызды да пайдалы әрекет

жасауға мүмкіндік туғызады.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін, ең алдымен, олардың ықыласы мен жігерін, темпераментін, есте сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын зерттеледі. Психологиялық тәжірибе жасап, сауалдамалар толтыруға болады. Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушы мен оқытушының бірлесіп жұмыс істеуін, олардың үйде өздігінен орындайтын тапсырмаларын, сыныпта және сыныптан тыс атқаратын жұмыстарын үйлестірудің түрлерін анықтауға болады.

Өзіндік әдісті жүзеге асыру: 1) оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, типтік топтарға бөлуді; 2) оқу үрдісінің барлық сатыларында әр түрлі топтарға оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің, жан жақты дамытудың әдістемелік тәсілдерін жасауды; 3) әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдың жүйесін құруды; 4) білімді бағалау, бақылау жүйелерін жетілдіруді көздейді.

Оқушыларды топтарға бөлгенде, олардың оқуға және жұмысқа деген қабілеті ескеріледі.

Оқуға қабілеттілік – неғұрлым қысқа мерзімде білімнің биік деңгейіне жету қабілеті. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа және төмен деп үш топқа бөлуге болады.

Жұмысқа қабілеті – олардың өнімді оқу қызметімен шұғылдануын айтуға болады. Бұл белгі де психо-физиологиялық мүмкіндіктерімен, оқуға ынтасы мен іскерлігімен анықталады. Жоғары, орташа және төмен үш топқа бөлуге болады.

Оқушыларды топтарға бөлу үшін: 1) оқушының жеке құжаттары, мінездемесін, сынып журналын зерттейді; 2) сыныптағы, үйдегі жұмысын бақылап, талдайды; 3) бақылау жұмысы арқылы деңгейлері анықталады; 4) оқушының білімін өздігінен көтеру іскерлігін тексеру жұмыстары арқылы алынады; 5) пәннің мазмұны, негізгі ұғымдары, қасиеттері мен өзара байланыстары бойынша ұдайы әңгіме өткізіледі.

Ұжымдық оқытудың ерекшелігі – ұжымда және шағын топтағы оқушылардың бірігіп жұмыс істеуінде, мұндай шағын топта оқушы өзін жоғалтпайды. Қажет болса, оқытушының ұйғаруымен де олар бір-біріне көмектесіп, ортақ тапсырмалар орындайды. Мұндай жағдайда әр оқушының жетістігі мен кемшілігін бағаланып қана қоймай, олардың ортақ нәтижеге қандай үлес қосқаны да ескеріледі. Ал жеке жұмыс істеуде әр оқушы жеке тапсырмаларға жете үніліп, оларды орындауға өзі де тырысады. Оқушының өзіне деген сенімі, өзін-өзі сыйлау мен құрметтеу сезімі пайда болады. Ұжымдық оқыту формалары топтық, жұптық, ұжымдық болып бөлінеді.

Топтық оқыту - интеллектуалдық сұранысын уақытылы қанағат-

тандыруға және оқу үрдісінде өзін жетілдіруге, өзіндік дамуға онды септігін тигізеді. Оқушылардың оқып-үйренуі, зерттеуі, түсінуді оқуға, білуге құштарлығын арттырады.

Білім беру үрдісінде топтық оқыту сабақтарын пайдаланған тиімдірек. Әсіресе, қайталау, жеңіл және сабақ кездерінде. Ол кезде оқушылар өздеріне сенімді, жаттығулар кезінде батылырақ жұмыс жасайды. Бір-біріне көмектесе алады, қателерін дұрыстайды. Бірлес отырып жұмыс жасау ахуалы орнайды, жетістікке жету мақсатын алдарына қойып табандылықпен орындайды. Кесте толдыру, сызба нұсқа құрастыру және сөзжұмбақ шешу кездерінде жүзеге асады. Топ басшылары мүшелерін жетелейді. Жауапкершілікке міндеттейді. Бағалау кезінде атқарылған жұмыстарын айтып баға береді. Жұмыс жасаумен бірге бақылау жүргізіледі. Оқушылардың дербес ерекшеліктерін ұштастыру мақсатында жеке тапсырмалар беріледі.

Жұптық оқыту кезінде осы мәселе ескеріледі. Жақсы қабылдайтын оқушымен орташа қабылдау қасиеті бар оқушылардың бірге отырулары қадағаланады. Жобалау әдісін пайдалану кезінде таныс емес, оқулықта жоқ материалдарды ұсыну дайындалуына қарай дербес оқушылардың шығуына әсер етеді. Білімдерін толықтырады, әрі топ оқушылардың арасынан ерекшеленеді. Пән апталығында бір топ оқушының жоба әдісімен тағайындалған «тіршілік және даму» ғылыми іс-шарасы колледж оқушылары үшін шығармашыл тұлға ретінде оң нәтиже берді.

Оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілген тәжірибе алмасу сабақтары мен тәрбие сағаттарынан көптеген оң нәтижелерге жетті. Оқытудың ұжымдық сипатын қолданған кезде білім алушыларда өз-өзіне деген сенімділік пайда болып, білмегендерін сұрап білгендерін бөліседі. Әрбір сабақ - оқу үрдісіндегі шешуші буын, сондықтан ол жоғарғы шеберлікті керек ететін, даму үстінде сапалы оқуды іздестіретін үрдіс. Оқытушының негізгі мақсаты - сабағын тартымды әрі қызықты етіп өткізу, оқушының пәнге деген қызығушылығын ояту, пәннің ғылымилығына мән беру. Осы орайда түрлендіру технологиясын пайдалана отырып өткізген сабақтардың ықпалы зор ондай сабақтар арқылы оқушылар арасында достық қарым-қатынас нығая түседі, сөйлеу мәдениеті жетіледі, ойлау қабілеті дамиды, пәнге қызығуы артады.

Әр пәннің мұғаліміне де керегі осы. Мақсат, міндеттері бойынша тапсырмалар дайындалады. Жұппен, топпен жұмыс жасай отырып меңгереді. Алған білімдерін қорытындылау мақсатында жобалау әдісін пайдаланып, өтіп жатқан тақырыпқа байланысты презентацияларды. Оқушылардың білімдері бағдарламалы сұрау; зертханалық жұмыс; топ серуен есебі; жоба жасау (презентациялар, қорғау); семи-

нар, пікірлесулерге қатысу; сынақ атты жұмыс түрлері арқылы бағаланады.

Қорытындылай келе, «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші, білім аламын дейтін баланы алға тартып, оны дамытып отыруға оқытушылар толығымен міндетті.

Әдебиеттер

1. Куанышбаева Г.К. Биология пәнінде жана технологияларды қолдану орта мектеп. Алматы, 1 (4), 2001. – Б. 9-12.
2. <http://bilimkozy.idhost.kz/31-biolog-atay-kmge-byuqady-ashy-saba.html>.
3. Божович Л.И. Психологические закономерности формирования личности в онтогенезе // Вопр. Психологии. 1976, № 6 с.45-53.
4. Тілешов Е.Е. Әдістеме әлемінде. Ғылыми-әдістемелік жинақ. – Алматы, 2012.

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНАН ШЫҚҚАН ӘСКЕРИ САРБАЗДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сыдықанова Г.А.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Адам үшін қажетті құндылықтар арасында жетекші орындардың бірі отбасы. Отбасының қоғамдағы рөлі өзінің күші бойынша, қандай да бір басқа да әлеуметтік институттармен теңеспейді, өйткені дәл отбасында адамның жеке басы қалыптасады және дамиды. Отбасы алғашқы тәрбие институты ретінде әрекет етеді, онымен байланысты адам өмір бойы сезінеді. Отбасы ішіндегі әлеуметтену үшін толыққанды үлгінің болмауы әрқашан баланың психикалық және тұлғалық дамуындағы белгілі бір бұзушылықтарға әкеледі [1].

Соңғы жылдары баланы (балаларды) жалғыз ата-ана тәрбиелейтін отбасыларының көбеюі байқалады, және көп жағдайда бұл ана. Мұндай отбасылар үшін ғылымда "толық емес отбасылар" деген термин бар. Психология және педагогика бойынша энциклопедиялық сөздікте "толық емес отбасы" деген анықтамада: "... бұл ата-анасының біреуі жоқ отбасы (көбінесе әкесі). Көп жағдайда толық емес отбасы ата-анасының ажырасуы немесе әйел баланың некеден тыс тууы нәтижесінде пайда болады. Толық емес отбасындағы тәрбие мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі, өйткені еліктеуге қажетті үлгі жоқ, балаларды бақылау мен қадағалау қиындауда. Әкенің болмауы баланың қоршаған

әлемді тануын шектейді, оны отбасылық қарым-қатынастың әр түрлі нұсқаларымен танысу мүмкіндігінен айырады және психикалық дамудың біржақты болуына әкеп соғады. Бұл болашақта еліктеуге болатын ересек адамның далалық мінез-құлқы үлгілерінің жоқтығына байланысты. Егер әкесі отбасында болмаса, онда ер адамның бейнесі бұрмаланған болып шығады, керісінше, идеалданған, бұл кейіннен ерекпен жеке қарым-қатынаста жеңілдетуге немесе еңсерілмейтін қиындықтарға әкеледі [2].

Толық емес отбасы - қазіргі заманғы отбасының негізгі әлеуметтік-демографиялық түрлерінің бірі.

Толық емес отбасы - бұл аналық - әкелік - бала қатынастарының дәстүрлі жүйесі жоқ жартылай толық емес байланыстары бар шағын топ.

Толық емес отбасылардың қалыптасуының бірнеше көздері бар. Олардың ішіндегі ең жаппайы ерлі-зайыптылардың ажырасуы, отбасының құлдырауымен байланысты.

Зерттеушілер жинаған социологиялық ақпарат ажырасудың ең көп кездесетін себептері алкогольизм, кейіпкерлердің ұқсастығы, сатқындық немесе басқа отбасының құрылуы екенін көрсетеді. Бір қызығы, көп жағдайда ажырасуды бастаушы әйел болып табылады.

Отбасы психологиясы бойынша зерттеулер біздің елде де, шетелде де жаппай сипат алууда. Сондай-ақ, толық емес отбасына психологиялық зерттеу пәні ретінде қызығушылық үнемі өсуде.

Толық емес отбасының әртүрлі психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеуге шетелдік авторлардың көптеген жұмыстары арналған.

Әскерге шақырылушының әскери қызмет жағдайларына бейімделуімен байланысты мәселелерді шешу практикалық әскери психологияның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Әскери қызметтің сәтті өтуі тұлғаның жағдайға бейімделуіне тікелей байланысты. Әскерге шақырылған жас жеткіншек көптеген шектеулерге, тиымдарға, өмірдің әдеттегі жағдайындағы өзгерістермен кездеседі (3).

Әскери сарбаздардың күйзеліс жағдайы әскерге шақыру жағдайымен, әдеттегі болу ортасының ауысуымен, жағдаймен байланысты. Адамның күйзелісті жеңе алмайтындығының себептерінің бірі оның жетілмегендігі болып табылады, бұл ретте оның мінез-құлқының түрлері жасөспірімдік жастағы ауытқитын мінез-құлық реакцияларына сәйкес келеді. Әскери қызметке шақыру кезінде "қайғы - қасірет" деп аталатын қорқыныш пайда болады - жақындарынан алыста қалу, беймәлім нәрсемен кездесу қорқынышы.

С.В. Ильинскийдің деректері бойынша, бейімделу кезеңінде (ал-

ғашқы 3-6 ай) жүйке-психикалық тұрақсыздығы, мінез-құлықтық және психикалық бұзылулары бар адамдар анықталады.

Осылайша, бейімделуде әртүрлі қиындықтары бар жаңадан келген әскери қызметшілер симуляцияны немесе аггравацияны әскери ұйымда мәртебесін уақытша ауыстыру құралы ретінде (ұжымдағы жарғылық емес өзара қатынастар мен қиындықтар болған кезде), материалдық-тұрмыстық жағдайларды уақытша жақсартуды және әскери қызмет атқару қиындықтарынан жалтаруды пайдалана алады. Денсаулық жағдайы бойынша комиссиямен байланысты күтулер де мүмкін. Мұндай әскери қызметшілер, әдетте, объективті диагностикаға қиын болатын (көбінесе тыныс алу органдары мен асқазан - ішек жолдары) әртүрлі ауыр жай-күйлердің болуына субъективті шағымдарды ғана көрсетеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты соматикалық симптомдарды симуляциялайтын әскери қызметшілердің бейімделуінің әртүрлі сипаттамаларын зерделеу қажеттілігі туындайды.

Толық емес отбасындағы сарбаздар ішкі жанжалмен және өзін-өзі кінәлауға бейімділігімен ерекшеленеді. Олар ішкі қақтығыстардың, күмәндердің, өз-өзімен келіспеушіліктердің болуы, шамадан тыс өздігінен қазбалау, өзін-өзі ұстаудың жалпы жағымсыз фоны туралы ойлау, сондай-ақ өз қателіктері мен сәтсіздіктерін айыптауға дайын болуымен сипатталады (4).

Әдебиеттер

1. Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия «Психология», 2011. №2 (10)
2. Лазарус Р. Теория стресса и психофизиологические исследования. - В кн.: Эмоциональный стресс. Л.: Медицина. 1970. - С. 178-208.
3. Мухаметжанов А.М., Смагулов Н.К., Жауғиқова С.Б., Абикенова Ф.С., Есимова Р.Ж., Быстревская Л.К., Аринова С.М., Иманбаева Г.Н., Кенжебекова С.Б., Умер Ф.И. Особенности адаптации военнослужащих в процессе прохождения воинской службы // Современные проблемы науки и образования. 2012, № 3. - С. 83.
4. Овчарова Р.В. Родительство как психологический феномен: учебное пособие. - М.: Московский психолого-социальный институт, 2006.
5. КиберЛенинка: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-adaptatsii-prizyvnikov-k-voinskoy-sluzhbe-iz-polnyh-i-nepolnyh-semey>

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Жукова Т.В.

Колледж КАСУ, Усть-Каменогорск, Казахстан

В процессе модернизации казахстанского образования профессиональное сообщество сталкивается с многочисленными проблемами. Одна из них – необходимость совершенствования системы оценивания и, как следствие, создание технологии оценки качества образования в школе. Критериальное оценивание трактуется как процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам процесса критериями, соответствующие целям и содержанию образования, способствующий формированию учебно-познавательной компетентности учащихся.

Критериальное оценивание осуществляется в соответствии с содержанием учебных программ, формами контрольных мероприятий, индивидуальными психолого-педагогическими особенностями учащихся; на основе единства формирующего и констатирующего оценивания, заключающегося в целостном использовании промежуточного и итогового контроля учебных достижений учащихся; осознанности, служащей действенной характеристикой процесса контроля учебных достижений учащихся; диагностической основы, осуществляющейся в проведении педагогической диагностики эффективности использования данной технологии; определяет цель создания условий и возможностей для формирования и развития учебно-познавательной активности учащихся, их творческой и исследовательской сферы, учебной самостоятельности и ориентации в потоке научной информации путем приобщения учащихся к систематической рефлексии, к поиску смысла этой деятельности. Критериальное оценивание снижает субъективность выставления отметки, обеспечивает учителя и учеников механизмами, одинаково эффективно работающими как при оценивании, так и при самооценивании, являющемся важнейшим компонентом образовательного процесса [1; 3].

Переход к обновлению содержания образования предъявляет новые требования к преподаванию в рамках компетентного подхода образования. Обновление структуры и содержания образования заключается в преодолении традиционного стиля обучения, новой конструктивной модели образования, обеспечивающей самостоятельность мышления обучающихся. Современные преобразования, такие

как открытость общества, его быстрая информатизация и динамичность, кардинально меняют требования системы образования. Система общего среднего образования страны работает по обновленному содержанию образования. По обновленному содержанию образования в результате обучения у обучающихся должны быть сформированы навыки критического мышления, самостоятельного исследования и глубокого анализа информации [1; 4].

Критерий, как известно, – это признак, на основании которого производится оценка, определение или классификация чего-либо или мерило оценки. Критерии могут включать в себя ряд показателей – конкретных измерителей критерия, которые обеспечивают его доступность для наблюдения и измерения.

Критериальное оценивание учитывает как результативность всех видов учебной деятельности обучающихся и процессуальную сторону усвоения учебного материала, так и проявление индивидуальных качеств и личностных свойств. Объективность выставляемых обучающимся отметок определяется критериями, которые условно делятся на три группы: предметно-содержательную, содержательно-деятельностную, индивидуальную (личностную). Таким образом, определение результатов обучения необходимо для того, чтобы цели обучения стали диагностичными и стало возможно отслеживать процесс достижения обучающихся, а также своевременно вносить необходимые изменения в учебный процесс [2, 3].

Обновление содержания образования предполагает применение эффективных педагогических технологий, в том числе и технологии критериального оценивания.

Критериальное оценивание понимается как оценка учебных достижений обучающихся по критериям, которые отражают их достижения по разным направлениям учебной деятельности. Критериальное оценивание положительно сказывается и на показателях качества знаний обучающихся. Главным отличием критериального оценивания от традиционного является то, что при традиционном оценивании достижения обучающихся сравниваются со среднестатистической нормой (оценка выставляется, ориентируясь на средний уровень знаний класса/аудитории в целом), а при критериальном оценивании достижения обучающихся сравниваются с планируемым результатом обучения, представленным критериями оценивания [7].

Компетентностный подход ориентирует на развитие умений обучающихся в конкретных ситуациях применять знания, умения, а также опыт, личные качества с учетом ценностных приоритетов и сформированной на их основе системе жизненных отношений [4].

Действенность знаний раскрывается такими компонентами интеллектуальной сферы, как виды мышления, мыслительные операции, способы деятельности (познавательные, предметные и общеучебные умения).

При оценке теоретических знаний необходимо руководствоваться следующими критериями: владение фактическим материалом, изложение его с использованием терминологии по учебным дисциплинам; уровень усвоения программного материала; сопоставление ранее изученного материала с новым, а также с материалом, усвоенным при изучении других дисциплин; работа с различными источниками информации; проявление познавательной активности, самостоятельности, творчества, умение отвечать на нестандартные вопросы и др.

При оценке практических умений необходимо руководствоваться следующими критериями: умение устанавливать причинно-следственные связи теории с практикой; применение теоретических знаний для решения качественных, экспериментальных и расчетных задач: проведение наблюдений и измерений, которые обеспечивают получение правильных результатов; самостоятельное формирование выводов и обобщения; степень самостоятельности обучающихся при выполнении заданий и др. [5, 6].

Обновление содержания образования предполагает применение эффективных педагогических технологий, в том числе и технологии критериального оценивания, которые преподавателям позволяют: разработать критерии, способствующие получению качественных результатов; улучшить качество преподавания и обучения; выстраивать индивидуальную траекторию обучения каждой личности с учетом его индивидуальных способностей и особенностей; использовать разнообразные подходы и инструменты оценивания; вносить предложения по совершенствованию содержания учебной программы. Обучающимся позволяет: использовать многообразие стилей обучения, типов мыслительной деятельности; знать и понимать критерии оценивания для прогнозирования собственного результата обучения и осознания успеха; участвовать в рефлексии, оценивая себя и своих сверстников; использовать знания для решения реальных задач, выражать разные точки зрения, критически мыслить.

При оценке сформированности компетенций наряду с традиционными методами и средствами оценки результатов обучения рекомендуется использовать и инновационные методы и средства оценки результатов обучения, например, эссе (средство, позволяющее оценить умение обучающегося письменно излагать суть поставленной проблемы, самостоятельно проводить анализ этой проблемы с исполь-

зованием концепций и аналитического инструментария соответствующей дисциплины), терминологический диктант (способ проверки степени овладения категориальным аппаратом учебного модуля), кейс-измерители (основаны на использовании проблемных заданий, в которых обучающимся предлагают осмыслить реальную профессионально-ориентированную ситуацию, содержащую в себе необходимую, но неполную информацию для решения заданной проблемы) [3].

Таким образом, применение критериального оценивания дает преподавателям ясность относительно стратегических целей и тактических задач обучения. Критерии помогают обучающимся более объективно оценивать качество собственной работы и помогают понять, как учиться, чему учиться, а главное, зачем учиться.

Литература

1. Национальная академия образования им. И. Алтынсарина. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана, 2013.
2. Дюкарев И., Караваева Е., Ковтун Е. Ключевые ориентиры для разработки и реализации образовательных программ в предметной области «Образование». – Бильбао: Университет Дуесто, 2013.
3. Ефремова Н.Ф. Экспертиза качества освоения компетенций студентами по модулям образовательных программ. // Научное периодическое издание “СЕТЕРIS PARIBUS” №1(1)/2015. – М.: ООО «Европейский фонд инновационного развития», 2015. – С. 76-82.
4. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании. // Школьные технологии. – 2004. – № 5. – С. 3-11.
5. Звонников В.И. Современные средства оценивания результатов обучения: учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007.

САБАҚТА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Самарханова Н.Н.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Бүгінгі күнде әлеуметтік-экономикалық жағдайда колледж оқытушылары қазіргі заманғы еңбек нарқына төтеп беретін бәсекелескен қабілетті мамандарды дайындау мақсатында оқу үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізуі және оқушылардың танымдық және

шығармашылық қабілеттерін, меңгерген білім мен дағдыларын практикада қолдану біліктілігін дамытуы және қолдауы қажет.

Қазіргі заманғы педагогиканың ерекшелігі - оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағдарланған жаңа білім беру технологиясын құруға ұмтылу. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде реформалар жүріп жатыр. Осы реформаларға сәйкес жоғары мектептің оқу үрдісіне педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып отыр. Ол бүгінгі заман талаптарынан туындап, болашақ мамандардың даярлығын жетілдіруді көздейді.

Педагогикалық технологиялар мен тәрбие мазмұны терең ғылыми негізде бола отырып, көп қырлы дәстүрлер мен халықтың ұлттық психологиясын бейнелеуі қажет. Өйткені кез-келген халықтың мұрат тұтар тұлғалары болады. Олардың бойында ұлтқа тән өзіндік санасы, кеменгер ой-пікірі, елдің тарихи даму барысында қалыптасқан жақсылық пен жамандыққа қатысты көзқарасы, т.б. сомдалады.

Бүгінгі күнгі оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас та жаңа қағидаларға негізделеді. Сондықтан, қазіргі уақытта оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны білім беруде кең қолдануды - сол қағидалардың бірін орындағанымыз деп айтуға толығынан болады. Қазіргі колледж түлегі осы заманғы әлеуметтік ортаға кірігіп, бейімделуі үшін белгілі білімдер жүйесін меңгеруі тиіс екені белгілі жайт. Сол себепті, заманның жаңа талаптары тұрғысына орай оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік беретін оқытудың жаңаша құрылуына барынша жағдай жасау қажет. Бүгінгі студент-оқушы кәсіби-теориялық білім, іскерлік дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға, ой қорытындысын жасауға қабілетті болуы шарт.

Колледжде өтілетін көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие беруде қазақ тілі мен әдебиетінің алар орны өлшеусіз. Бұл пәндер адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Адамды асыл армандарға бастайды. Олай болғанда, түптеп келсек қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы басты мақсат – жан әлемі жетілген, рухани түсінігі мол жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Мұғалім өзіне жүктелген осы абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында әр түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданады. Қазір инновациялық технологиялар көп сөз болып жатыр. Енді солардың бірі - жобалау технологиясына тоқталайық. Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені - бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау техно-

логиясының тиімділігі күннен күнге артуда.

Түсіндірме сөздікте оған төмендегідей анықтама беріледі: Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат - студент-оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оларды болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса - ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, студент-оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалау технологиясының негізінде – оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр.

Жоба әдісін қолдануда студенттер өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттерін арттырады. Жоба әдісінің басты мақсаты - тәжірибе жүзінде орындауға бағытталған белгілі бір міндеттерді немесе әр сала бойынша білімдерін толықтыруды талап ететін маңызды тапсырмаларды орындау барысында студенттің өздігінен білім алуына жағдай жасау.

Жоба тапсырмаларын орындау үстінде көбінесе студенттер жұптасып, немесе үш-үштен бірігіп, немесе шағын топпен жұмыс істейді. Табысқа жету ұжымдағы әрбір мүшенің тілдік қатынасқа құрылған жоба тапсырмаларын дұрыс орындауына және ұжымның жаппай ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне байланысты.

Жобада оқытушы сарапшы, үйлестіруші немесе қосымша мәліметтерді беруші рөлін атқарады. Өз күшімен жоба-тапсырманы орындауда тіл үйренушілер өз жұмыстарын жоспарлау, оның нәтижесін болжау, бірігіп жұмыс істеу сияқты өз бетінше жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді.

1-кезең дайындық кезеңі. Тақырып таңдау, оны құрастыру, міндеттерін белгілеу, ұйымдастыру, талқылау, жоба мазмұнымен танысу. Мұнда оқытушымен бірге студент жобаның тақырыбын, мақсатын анықтайды.

2-кезең. Материал жинау, материалды өңдеу, толықтыру. Студенттердің жинаған тілдік материалдарын, алғашқы нәтижелерін қорытындылап талқылау, келесі қосымша материалды, жаңа материалды іздестіру. Жоба үй тапсырмасы ретінде материалды қолдана отырып сұхбат жасауға беріледі, лексикалық, грамматикалық материалдар өңделінеді, кесте беріледі.

3-кезең. Сөйлеу кезеңінде алынған материалды қолдану, жоба жұмысын аяқтайды.

4-кезең. Қорытынды шығару, жобаның презентациясы.

Осылайша жоба жұмысымен әр студент қазақ тілінде сөйлейді. Әр студент өз ойын айтуға, дәлелдеуге тырысады. Ауызша сөйлеуді жетілдіруге үлкен мүмкіндік береді

Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылар тіл мен әдебиетке қатысты көптеген мәліметтер алады. Бірақ, жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру үшін бұл жеткіліксіз.

Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында жобалау технологиясын қолданудың тиімділігі – берілетін көлемді түсініктерді, ұғымдарды тұжырымды, көрнекті, жинақты түрде бере білуде. Әсіресе, әдебиет сөз сабағы. Көбінде сөздік әдіс арқылы берілетін пән. Ал бұл мұғалімнің оқыту процесінде жобалау технологиясына арқа сүйеуіне негіз болады. Өйткені, оның өнімді нәтиже берері сөзсіз. Себебі, тәжірибе барысында оқушылардың сөйлеу тілінде мынадай ортақ кемшіліктер көп байқалады: біріншіден, балалар өз ойларын дұрыс жеткізе алмайды. Олар өзіне қажетті сөздерді дұрыс іріктеп, орынды қолдануға төселмегендіктен, бір сөзді бірнеше рет қайталайды. Қыстырма сөздерді, қажетсіз сөздерді жиі қолданады да сөз әсерлігі төмендейді. Екіншіден, ой жалғастығы жоқ. Жүйемен сөйлеу машықтары жетілмеген. Негізгі ойы мен қосалқы пікірлерін ажырату қиын. Үшіншіден, балалар сөйлегенде сөзін мәнерлі айтуға, тілдік жағдаятқа сай ырғақпен сөйлеуге мән бермейді. Қайткенде тез жауап беріп, құтылуға асығады. Сондықтан олардың сөздерінің эмоциялық әсері болмайды. Кейде сөйлемдерінің жігін ажырату да мүмкін болмайтын жағдайлар кездеседі. Ал сөйлемдерінің құрамы, тұлғасы нормадан ауытқып, бас-аяғы белгісіз болып кететін кездері де жоқ емес. Ауызекі сөйлеу тіліндегі мұндай кемшіліктер жазба тілінде де кездеседі. Сөйлем, азат жол, мәтіндердің ара жігін ажырата алмау мен олардың бір-бірімен сабақтастығына мән бермеудің салдарынан ой тұтастығының сақталмауы, әсіресе, шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстарының деңгейінің төмендігін көрсетеді. Мұндай қателерді болдырмау үшін оқушыны сөз саптау шеберлігіне үйретудің алғы шарты ретінде тіл көркем-

дігінің, ой жүйелігінің қажеттігін сезінуіне көз жеткізудің амал-тәсілдерін тауып, орнықты ой түйіндеуге жетелеу керек. Бұл оқушының пәнге деген саналы қатынасына негізделген оқу мотивтерін ескере отырып оқытудың алғашқы сатысы болып есептеледі.

Себебі мотивті қалыптастырмайынша, яғни оқуға, білімге деген баланың ішкі тілегі мен қозғаушы күшін оятпайынша, танымдық белсенділіктерін туғызбайынша, оның саналы әрекеті туралы сөз қозғау артық болар еді. Оқушының осы әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының өріс алуының бірінші шарты - жалпы қарым-қатынастың объективтік мәні қандай, коммуникативтік жағы нені көрсетеді деген ұғым қалыптастыру. Сондықтан сабақ барысында баланы ойға жетелеуге бағытталған жұмыс түрлері ұйымдастырылғаны дұрыс.

Аталған технологияны қолдану кезінде жобаның моделі әр оқушының алдында жатады. Ол білім алудың бағдаршамындай, оқушылар оған қарап, әр түрлі іздену, зерттеу жұмыстарын да орындайды. Жоба оқушы іс-әрекетін де белгілі бір мақсатқа жүйелейді, бағыттайды, тәртіпке салады. Оқулықтан тыс еңбектермен танысып, ғылыми ізденісте жұмыс жасауға баулиды. Өз беттерімен де жоба жасауға ықпал етеді. Ең бастысы, өз беттерімен терең, тиянақты білім алуға өнімді, нәтижелі көмек жасайды. Оқушылардың жобалық ізденісі мұғалімнің жұмысын да жеңілдетеді. Оның әр кезеңі бойынша жеке жұмыстар, топтық жұмыстар, жұптық жұмыстар беріп, оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін алып келуге, түсініктен талдау, баға беруге дейін көтеруге болады. Жоба бойынша жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, онда терең де толық білім қамтамасыз етіледі деп болжауға болады.

Бұл жоба жаңа тақырыпты меңгеруге де аса қолайлы. Ондай кезде алдын-ала жобаның тақырыбы оқушыларға ұсынылып, тақырып бойынша тапсырмалар таратылады. Оқу реті мен жоба жұмысының жоспары жасалып, әр оқушының мүмкіндігіне қарай тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету қажет болады. Яғни, оқушы жобалау жұмысына даярланады. Ал, жоба жұмысының нәтижесін тексерудің негізгі формасы – топтық талқылау. Мұндай тексерудің ерекшелігі – оқушылар, біріншіден, жоба жұмысы бойынша зерттеу әдістері, тәсілдері бойынша бір-бірімен тәжірибе алмасады, өзіндік көзқарасын білдіріп, өз бетінше шешім қабылдау дағдысы қалыптасады. Жоба тақырыбы бойынша материалдарды іріктеп, таңдай білу, конспектілеп, талдай білу, ой қорытындыларын жасау оқушы үшін бастапқы кезде қиынырақ болғанымен, оқытушы басшылығымен жұмыс жүйелі және дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқушының жоба жұмысын жүргізу дағдысы бірте-бірте қалыптаса бастайды.

Жобалық оқыту әдісін пайдаланудың енді бір тиімді жағы сыныптық - сабақ жүйесінің әлсіз жақтары бізге қосымша оқытуды ұйымдастыруға итермелейді. Өйткені сыныптық - сабақ жүйесінде оқушының дара ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық деңгейден эвристикалық деңгейге көтеруге мүмкіндік болмайды. Сол себептен де оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту үшін қосымша білім беру қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттілікті жобалау жұмыстарында іске асыруға әбден болады.

Оқушылардың өз еркімен шығармашылық іс-қимыл жасауы олардың өзін-өзі тануына, өздігінен жетілуіне, өзінің ұнатқан білім негіздерін терең меңгеруге ықпалы зор. Бұған өз шәкірттеріміздің шығармашылық ізденіс жұмыстарының нәтижелері айқын дәлел.

Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту - әдебиет мұғалімінің негізгі міндеті дедік. Сондықтан, әдебиет сабағында мемлекеттік бағдарламаның мазмұны бойынша жоспарланған тақырыптарды оқушылардың өздері ізденіп, меңгеруге талпынғандары әжептәуір жетістіктерге жеткізетіндігін байқадық. Себебі, жобаны қорғауға дайындалған оқушы өз бетінше ізденіп, қыруар шаруа атқарады. Белгілі бір акын-жазушының шығармашылығын жобалау технологиясы бойынша зерттеп, қорғаған оқушылардың жеткен жетістіктеріне тек мұғалім ғана риза болып қоймай, осы істен оқушылардың өздері де пайдалы тәжірибе алады. Бұлардың барлығы біздің әдебиет сабақтарында күнделікті атқарылып жатқан істер.

Міне, бұдан шығатын қорытынды: жобалық оқыту технологиясы оқушыларға қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша терең де сапалы білім алуға кепіл бола алады. Бұған өз тәжірибелеріміз бен ізденістеріміз арқылы анық көзіміз жетті. Қорыта келгенде оқу орнында жобамен жұмыс технологиясын қолдану жеке тұлғаны дамыту бағытында студенттің өз бетімен хабарды жинауға, сараптау, тиімді де тиісті қорытынды жасауға, өз ойын дәлелдеуге, сөздік қорын толтыруға, сөйлеу тілінің мәдениетін тиімді үйренуге, эстетикалық талғамын дамытуға үлкен үлес қосады. Студенттер жобалау әдісімен жүргізілетін жұмыс барысында өздерінің оқытушыға беймәлім таланттарын көрсетуге мүмкіндік алады. Олар ұйымдастырушылық қабілеттерін арттырады. Сондықтан, жобалау әдісі студенттерді жан-жақты дамытуда ең озық әдіс деуге негіз бар.

Әдебиеттер

1. Қасымбеков Ә. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің кейбір жолдары. – Алматы, 1989.
2. Қазақстан мектебі. №1. 2008.

3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат – М., 2000.
4. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004.

БУЛЛИНГ – ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ

Оракбаева М.К.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі кезде мектеп қабырғасында зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде буллинг өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Аталған мәселе барлық әлемдегі білім беру ордаларының ортақ мәселесі болып отыр.

Буллинг деген (bully - бұзақы, төбелескіш, зорлаушы) қорқыту, дене немесе психологиялық террор арқылы басқа адамды қорқытып, оны өзіне бағындыру дегенді білдіреді

Heald (1994), ойынша буллинг - бір адамның немесе топтың өмірлік жағдайда өзін қорғауға дәрменсіз адамға қарсы бағытталған ұзаққа созылатын физикалық, психологиялық зорлық-зомбылықты қорқыту, жанын ауыртуды саналы ниетімен жүзеге асыру болып табылады.

Буллинг кезіндегі шабуылдың бірнеше рет қайтара болу факторын Бесаг (Besag (1989) атап көрсетті. Сонымен бірге ғалым шабуыл қарым-қатынастың вербалды құралдардың қолдануымен жүзеге асатынына назар аударды. Бұл өзінен үстемділігі жоғары тұлғалар жүзеге асырады және шабуылдың мақсаты басқаларға қорлау көрсету арқылы қанағаттанушылық алу болып табылады.

Сонымен бірге Р. Дж. Хазлер (Hazler (1996) ойынша, ренжітуші бұл әрекетті құрбанды төмендету үшін қолданады. Осы ғалым буллинг кезінде кері байланыстың болуын атап көрсетті. Оның ойынша, буллинг жағдайында деструктивті өзара әрекет болады, онда үстемді субъект өзінен төмен субъектінің берекесін кетіретін үстемді мінез-құлық танытады.

Буллингтің әлеуметтік құрылымын Роланд (Roland (1989) ұсынды. Бұл жүйеге ренжітушілер (агрессорлар, бұзақылар) мен оның құрбандары және куәлар қатысады. Зорлық-зомбылық куәларының азабын Аскев (1988) зерттеулері дәлелдегендей, қудалаудан құрбандар ғана емес, оның айналасындағыларды да зардап шегеді [1].

Балаларға қатысты буллинг мәселесін бірқатар Ресей ғалымдары С.В. Кривцова (2011), В.Р. Петросянц (2011), Д.Е. Щипанова, К.А. Беспалова, М.А. Киликова (2014), Р.Б. Иванченко, В.С. Соловьева

(2014), Д.Н. Соловьев (2015), М.Р. Арпентьева (2016), Н.В. Катова (2016), Е.И. Погорелова, И.В. Арькова, А.С. Голубовская (2016), О.А. Гребенникова, М.И. Добролюбова (2017) өздерінің еңбектерінде қарастырды.

С.В. Кривцова ойынша буллинг бір балалардың басқаларға қарсы агрессиясы, мұнда құрбан мен агрессордың күштерінің теңсіздігі орын алады.

Д.Н. Соловьев буллингті деструктивті шиеленісті өзара әрекеттесу формасы ретінде қарастырады.

В.Р. Петросянц ойынша буллинг – бұл тұлғаралық өзара әрекеттесу формасы, онда бір адам ренжітуші, ал басқасы ұзақ әрі жүйелі психикалық пен физикалық зорлық-зомбылыққа тап болған құрбан рөлін атқарады [2].

Отандық және шетел ғалымдардың «буллинг» түсінігіне берген анықтамаларын талдай отырып, мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді, демек, буллинг бұл бір индивидтің немесе адамдар тобының әлсіз екінші адамға көпшілік алдында қайталанатын, әрі ұзаққа созылатын агрессивті-зорлық әрекеті болып табылады.

Әдетте буллингке бірнеше тарап қатысады: булллерлер (ренжітуші, агрессорлар, қиянатты ұйымдастырушылар), құрбандары және куәгерлері. Көп жағдайда буллингке қуғыншы тобы қосылып, олармен булллерлер өзінің агрессиясын жүзеге асырады.

Буллингке балалар да ересектер (педагогтар)де қатыса алады, олардың әрбіреуі буллинг құрбаны немесе булллер бола алады. Көп жағдайда буллингтің дамуына балалық шақтан тәрбиеленетін құндылықты бағдар, отбасындағы тәрбие, сонымен бірге білім алу үшін балалар оқитын білім мекемелерінің микроклиматы да ықпал етеді [3].

Ғылыми әдебиеттерде буллинг көрінуінің әртүрлі түрлерін қарастырады, Р.Б. Иванченко, В.С. Соловьев мектепте кеңінен таралған буллингтің бірнеше түрін ұсынды: эмоционалды зорлық, кибербуллинг, физикалық зорлық, экономикалық зорлық, тән жазасы [4].

С.Т. Мерцалова зорлық-зомбылықты физикалық, эмоциялық, вербалды және сексуалды деп бөледі.

Д. Лэйн зорлық-зомбылықтың физикалық және психикалық түрлерін бөліп көрсетеді.

И.С. Бердышев сөз, әрекет және агрессияға негізделген буллинг түрлерінің бар екендігін айтады.

Американдық зерттеушілер буллингтің 8 негізгі типін ажыратады:

1. Сөзбен қақтығысу (флейминг) - екі немесе одан көп адам арасында әдетте көпшілік орындарда, әлеуметтік желілерде туындайтын

қысқаша эмоциялық керіс. Кейде ұзаққа созылатын жанжалға (hollywar - қасиетті соғыс) айналуы мүмкін.

2. Орынсыз шабуылдау - адамды үнемі орынсыз соқтығу арқылы қинау (harassment), коммуникацияның дербес каналдарын артық жүктеу арқылы құрбанға бағытталған қайталанатын қорлау сипатындағы хабарламалар (мысалы, ұялы телефонға жіберілген sms хабарламалар, үздіксіз қоңырау шалу).

3. Жала жабу (denigration) - адамның жанын жаралайтын жалған ақпарат тарату. Сексуалдық сипаттағы мәтінді хабарламалар, фото, әндер. Құрбандарға жекелеген жасөспірімдер ғана емес сынып түгел айналуы мүмкін (мысалы, «мектепте кімнің орны қандай» деген сияқты тізім таратылуы мүмкін), сыныптастар туралы түрлі әзілдер жазылған арнайы «сын кітаптары» (slam books) құрылады.

4. Біреудің атын жамылу - белгілі бір адамның атын иемденіп алу (impersonation), қудалаушы құрбанның атын, оның әлеуметтік желілерге, блогқа, поштаға, лездік хабарламалар жүйесіне кіретін атын, қол жеткізу құпия сөзін пайдаланып, оның атынан хабарлама жазып немесе ұқсас никнейммен аккаунт құрып, құрбанның атынан жағымсыз нәрселер жазады.

5. Алдампаздық, құпия ақпаратты алдау арқылы біліп алып, тарату (outing & trickery) – дербес әрі жеке сипаттағы ақпаратты қолға түсіріп, оны интернетте жариялау немесе оны білмеуге тиісті адамдарға тарату.

6. Бөлектену, бойын аулақ салу (остракизм, окшаулану). Кез-келген адам қандай болмасын бір топтың мүшесі болғысы келеді. Топтан шығып қалу кейбір адам үшін әлеуметтік өліммен тең. Адам неғұрлым өзара әрекеттесу шеңберінен шығып қалатын болса, өзін қажетсіз сезініп, жайсызданып, ұнжырғасы түседі. Виртуалды ортада бұл баланың эмоциялық көңілінің толықтай бұзылуына алып келеді.

Онлайн - бөлектену құпия сөзбен қорғалатын, ұнамсыз адамдар немесе пошталардың тізімі құрылатын кез-келген ортада жүзеге асырылуы мүмкін. Кибер-остракизм лездік хабарламалар немесе электронды хаттарға жауап бермеуден де байқалады.

7. Киберқудалау - шабуыл жасау, ұрып-соғу, зорлау, т.б. мақсаттарда құрбанды жасырын түрде аңду.

8. Хеппислепинг (Happy Slapping - шаттыққа толы шапалақ, ұнамды ұр тоқпақ) – ұрып-соғу көрінісін ұялы телефон камерасына түсіріп және әлеуметтік желілерге салу [5, б. 88].

Егер буллинг түрлерінің көрінісін дер кезінде алдын алмаса, онда олар қауіпті бола бастайды. Ал буллинг әсер еткен балаларда әртүрлі дәрежедегі психологиялық жарақат пайда болып, ауыр зардаптарға

әкелуі мүмкін. Яғни, бала тез ашуланады, айналасындағылармен жиі ұрсысады, ересектердің айтқанын орындамайды, өз қателері және сәтсіздіктері үшін өзгелерді кінәлауға бейім, өкпелегіш келеді және психо-эмоционалды күйінің тұрақсыздығы өз-өзіне қол жұмсауына ықпал етеді.

Сонымен буллинг дегеніміз бұл бір немесе бірнеше баланың бір балаға не бірнеше балаға қатысты саналы түрде ұзаққа созылған әрі қайталанатын дене және психикалық зорлық-зомбылық, қорлау мен қудалау дегенді білдіреді.

Әдебиеттер

1. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться // Семья и школа. – 2006. – №11. – С. 15-18.
2. Цыпин А.Е. Буллинг – психотравмирующий фактор образовательной среды школы // Прикладная психология и педагогика. Т. 3 № 4, 2018.- С. 53-66.
3. Гришаева Н. А. Буллинг в школе // Психологические науки: теория и практика: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2015 г.). - М.: Буки-Веди, 2015. - С. 66-68.
4. Волкова И. В. Характеристики подросткового буллинга и его определение // Вестн. Мининского ун-та. 2016. № 2 (15). - С. 26.
5. Нұрғалиев К.А., Аметова А.К. Кіші мектеп жастағылар ортасындағы буллинг проблемасы // БҚМУ Хабаршы №1-2017. - Б.84-91.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САБАҚТАРЫНДА КӨПӨЛШЕМДІ ҚҰРЫЛЫМДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Сегизбаева Ж.Б.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Білім беруді жаңғырту жағдайында заманауи оқушы меңгеруі тиіс материалдың күрделілігі мен көлемі оның тұтас қабылдауы мен ұғынуын айтарлықтай қиындатады.

Әрбір кәсіби оқытушы қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында, оқулықтардың шамадан тыс жүктелуіне байланысты, параграфтағы материалдардың жеткілікті түрде жүйелі және нақты баяндалмауы оқу материалын тез меңгеруі үшін қалай қол жеткізу керек және оның тиімді игерілуін қамтамасыз ету мәселесі жиі туындайды.

Бұл мәселенің өзектілігі: тақырыптардағы оқытылатын материал

көлемі ауқымды болып уақыт аз бөлінген кезде, оқу–әдістемелік және көрнекі құралдармен жеткіліксіз қамтамасыз етілгендігінде. Бұл сұрақтарға жауап іздеуде және осы проблеманы шешуге жаңа технологияны дидактикалық көп өлшемді құралдар технологиясын белсенді қолдану арқылы оқу материалдарын жүйелендіруге немесе педагогика ғылымдарының докторы, профессор В.Э. Штейнберг ұсынған білімді ұсыну мен талдаудың логикалық-мағыналық модельдерін жобалау арқылы көмектеседі деп айтуға болады.

Бұл технологияның артықшылығы - ол оқытуда білімді механикалық меңгерудің элементтерін игеруге, білім алушылардың ойлау қызметін белсендіруге мүмкіндік береді. Көрнекілік арқылы оқытылса оңай екені құпия емес.

Жаңа технологияның теориялық негіздерін оқып, білім алушылардың оқу материалдарынан басты ойларды бөліп, оларды схема түрінде топтастырып, логикалық-мағыналық модельдерді құрумен қол жеткізуге болады.

Осылайша, жаңа білімді алу кезінде білімді жүйелеу және жинақтау, білімді талдау үшін логикалық-мағыналық модельдері қолдану сабақта оқытушы жұмысы мен оқушылардың өзіндік жұмысының ажырамас бөлігіне айналады.

Дидактикалық көп өлшемді құралдар технологиясының мақсаты:

- білім алушыларға жалпы оқу материалдары туралы анық, көрнекі түсінік қалыптастыру;
- берілген материалдардан маңызды, ең бастыларын ажырату;
- оқиғалар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнатуға үйрету;
- оқытуды жандандыру, оған зерттеу, шығармашылық сипат беру және осылайша оқушыға өзінің танымдық қызметін ұйымдастыру бастамасын беру

Логикалық - мағыналық модельдерді жасауға қойылатын негізгі талаптар:

- оқу материалының орналасуы, құрылымы, ықшамдылығы,
- тез түсіну,
- логикалық бірізділік,
- оқу материалын бейнелеуде қысқартуларды, графиктерді, диаграммаларды, символдарды пайдалану.

Логикалық-мағыналы модельдермен жұмыстың бірінші кезеңінде (қабылдау және меңгеру кезеңінде) оларды оқытушы білім алушыларға құрастырып көрсетеді. Оқытушы білім алушыларға модель құрастыру принципін таныстырып, жұмыстың жүйелілігін түсіндіреді.

Екінші кезеңде (шығармашылық ойлау кезеңінде) логикалық-ма-

ғыналық модель оқушылардың өздері жобалайды. Олар алдыңғы бірлескен жұмыс тәжірибесін пайдалана отырып, материалды логикалық-мағыналық үлгі түрінде баяндауды өз бетінше үйренеді. Білім алушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарын дамытуға тиімді қол жеткізу мақсатында оларға бос клеткалар түріндегі жетіспейтін буындары бар үлгілер ұсынылады.

Логикалық–мағыналық модельдеу түріндегі көп өлшемді құрылымдау келесідей жобаланады:

модель болып табылатын тақырып негізгі сұрақтар шеңберіне бөлінеді – модель координаты;

координаттардың орналасуы оларды саралау жолымен анықталады (K1-K8);

әрбір сұрақта - мазмұнның тораптық элементтері қандай да бір негіз бойынша координаттарда тірек тораптарын орналастыру анықталады;

координаттар мен тірек түйіндерінің атаулары бір-екі түйінді сөзге дейін бекітіледі;

тірек тораптары арасындағы аса маңызды мағыналық байланыстар анықталады, бұл оқу процесінде талдаудың маңызды процедурасы болып табылады;

модель құрылымы координаттар мен тораптарды қайта орналастыру қажеттілігіне, басқа тораптармен байланысы жоқ оқшауланған болатын артық тораптардың болуына;

Сонымен қатар, екінші кезеңде тақырыптың негізгі ақпарат бірлігіне зерттелуіне қарай біртіндеп қосымша, неғұрлым егжей – тегжейлі элементтер - модульдер ұлғаяды. Нәтижесінде әрбір білім алушының логикалық-мағыналық моделі жеке болып шығады. Ол қаншалықты толық, ақпараттық - бай болуы оқушының мүмкіндіктеріне байланысты.

Үшінші кезеңде (бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңінде) логикалық-мағыналық модель білім алушылардың білімін бақылауды (талдауды) және өзін-өзі бақылауды (өзін-өзі талдауды) жүзеге асыру үшін тарату материалы ретінде мақсатты пайдаланылады. Бұл үшін білім алушыларға қандай да бір фрагмент жоқ, аяқталмаған (немесе ажыратылған) логикалық-мағыналық модель ұсынылады және жетіспейтін бөлігін қалпына келтіру және толық сурет жасау тапсырмасы беріледі. Бұл технологияны үнемі пайдалану барлық білім алушылардың өздігінен және осындай логикалық-мағыналық модельдерде оқу материалдарын өте сәтті жүйелейтініне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мұндай схемаларды саясаттану және әлеуметтану,

экономика, құқық, мәдениеттану, қоғамтану, дүниежүзілік тарих негіздері бойынша әртүрлі тақырыптарды зерделеу кезінде оқушыларға ұсынып, құрастыруға болады.

Оқушыларға логикалық-мағыналық модельдерді құрастыру не береді? Ең бірінші білім алушылар пән бойынша ең маңызды оқиғаларды есте сақтау керек. Мысалы, "Орынбор қазақтары туралы жарғы, 1824 ж." ("Орынбор қазақтары туралы жарғы, 1824 ж."), "Сібір қазақтары туралы жарғы, 1822 ж." ("Сібір қазақтары туралы жарғы, 1822 ж."), "Қазақстандағы Ресей империясының отаршылдық саясаты: 1867-1868 жж. Алматы реформа" (Ресей империясының отаршылдық саясаты: реформалар 1867-1868 ж. Астана қ.).

Айта кету керек, бүгінгі күні осы технологияны қорғауға жаңа дәлелдер пайда болды: оқытуда компьютерлер кеңінен қолданылады, осыған байланысты логикалық-мағыналық модельді жобалау енді мұғалім үшін де, оқушылар үшін де қолжетімді. Монитор экранында алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жасауға және өңдеуге болады.

Оқытушы білім-алушыларды логикалық-мағыналық модельдерді құруды үйретіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың ізденушілік белсенділігіне, ой-өрісіне және шығармашылыққа ұмтылысын сақтап, көбейтіп, ынталандыруы керек.

Осылайша, практикалық қызметке логикалық-мағыналық модель түрінде сөздік көрнекілікті әзірлеу және енгізу келесі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді

- білім алушыларды оқылатын материалдағы ең бастысын анықтауды үйрету,
- жалпылау және талдау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру,
- қысқа уақыт ішінде материалдың үлкен көлемін қайталауды,
- оқуға деген ынтаны күшейту,
- материалды оқу барысында білім мен іскерлікті бекіту,
- жеке дербестік беру,
- білім алушылардың логикалық қабілеттерін және танымдық белсенділігін кеңейту,
- білім алушылардың алған білімдерін өзін-өзі бақылау (өзіндік талдау) дағдыларын қалыптастыру.
- ғылыми танымға ұмтылысын ынталандыру.

Айта болсақ бүгінгі күні осы технологияны қолдауға жаңа дәлелдер пайда болды: оқытуда компьютерлер кеңінен қолданылады, осыған байланысты логикалық-мағыналық модельді жобалау енді оқытушы үшін де, білім алушылар үшін де қолжетімді. Монитор экра-

нында алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жасауға және өңдеуге болады.

Осылайша, сабақта жаңа технологияны - дидактикалық көп өлшемді құралдар технологиясын-логикалық-мағыналық модельдерді белсенді қолдану оқушылардың әлеуметтік-экономикалық цикл пәндері бойынша білім деңгейінің тұрақты өсуіне және ғылыми-зерттеу қызметі мен ғылыми танымға ұмтылуына әкеледі.

Әдебиеттер

1. Гальперин П.Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. Исследования мышления в советской психологии. - М., 1966.
2. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М., 1996.
3. Рахимов А.З. Педагогическая технология творческого развития. Методическое пособие. - Уфа, 2003.
4. Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. – М.: Педагогика, 1989.
5. Штейнберг В.Э. Дидактические многомерные инструменты. Теория, методика, практика. Народное образование. – Уфа, 2002.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Ажахметова М.К.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі кезде мемлекетіміз бәсекеге 50 елдің қатарына кіруді көздеп отыр. Ол үшін жастар және әр бір қазақ азаматы жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияны жетік меңгеруіміз қажет. Қазір адамдар қызмет орнында да, үйде де компьютермен жұмыс істей береді. Оның өмірімізге, кеңінен енгені соншалықты, бала біткен ойыншықпен емес, компьютермен ойнап, өзінің өмір танымын ғаламтордағы желі ішінде қалыптастырады. Қазіргі күнкөріс қамы мен заман ағымының күрделілігі, көптеген ата-аналар тәулік бойы балаларының тыныс-тіршілігіне бақылау жасай алмай, олар шектен тыс бейне монитордың алдында отырғандықтан денсаулығына зор зиянды әсер алады.

«XXI ғасыр - компьютер ғасыры» деп аталып кеткен бұл ғасырда бар шаруаны тындырып отырған бұл құралдың жақсы жақтарымен қатар біздің ұрпағымызға тигізіп отырған зияны да шаш-етектен. Қазіргі кезде компьютерсіз өмірімізді елестету тіпті мүмкін емес. Бірақ не нәрсенің де көлеңкелі тұстары болатыны анық. Сол бесаспап құрал-

дың біздің балаларымызға қандай зиян екенін талдап көрсек. Компьютер тек арнайы бағдарламалар арқылы белгілі бір саланың мамандарының жұмыс істеуіне жағдай туғызатын құрал ғана емес, онда түрлі қызықты ойындар, анықтамалар, интернет арқылы кез келген сұраққа лезде жауап таба алатын мүмкіндіктері бар. Ағартушы ұстаз Б. Алтынсаринше айтсақ, "айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алдыратын" құрал. Енді осы әмбебап құралдың зиянына тоқталсақ. Монитор қосылып тұрған кезде айналасында электростатикалық өріс пайда болады. Ол айналасындағы шаң-тозаңдар арқылы адамның денесіне, қолына қонады. Сөйтіп, адамда аллергиялар, дененің құрғауына әкеп соқтырады. Компьютердің алдында ұзақ отыру омыртқаға өте зиян және монитордағы кескіндер көздің көруін нашарлатады. Үзіліссіз мониторға қадалып отыру көзді құртатыны, сәулелердің әртүрлі дерттерге шалдықтыратыны - бұл тек сыртқы залал. Ал, компьютердің адамдарға келтіретін ең сұмдық зияны, оған еліккен жан өзгелерді ұмытып, ешкіммен араласпай, томаға-тұйық күн кешетін болады. Компьютерлік ойындар жасөспірімдердің санасын улайтыны белгілі.

Компьютер адамзаттың өркениет жолымен дамуына ықпал ететін басты құралдардың бірі екені даусыз. Қай салада болмасын компьютер кеңінен қолданылып, адамдар тіпті онсыз өмір сүруін елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Ал компьютерлік ойындар балалардың құмартып ойнайтын ойындарының біріне айналып, оған деген тәуелділігі күннен-күнге артып отыр. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы құмар ойындарын психиканың бұзылуына әкеліп соқтыратын, адам ағзасына қауіпті ойындардың қатарына енгізді.

Қазіргі өмір аясында жасы кәметке толмағандар компьютерлік ойындар мен автомат - ойындар ойнайтын орындарға жиі барады.

Ғалым - зерттеуші А. Сидорованың 12-14 жастағы жасөспірімдерден тұратын 2 топқа компьютерлік ойынның әсерін білу үшін жүргізілген эксперимент нәтижесін талдау оған келесі шешімді жасауға мүмкіндік береді:

1. Компьютерлік ойындардың жасөспірім психологиясына әсері барысында тітіркену, сезіктену, ойыншы тарапынан жағымсыз көріну секілді сезім артады.

2. Компьютерлік ойынды ойнайтын жасөспірімдер балаларға тән кішігірім бұзақылықта немесе жеңіліске ұшырауда өздерін айыпты санайды.

3. Компьютерлік ойынды ойнайтын жасөспірімдерде айнала қоршаған өмірге теріс қарау пайда болады (жақындармен ұрысу, айқайлау, басқаларды кемсіту).

4. Мұндай жасөспірімдер тек үстем - үстем сөйлеп қана қоймай,

денеге зақым келтіру әрекетін де қолданады. Мұндай әрекеттерді ойын барысында ұтқандар мен ұтылғандарды бақылай отырып аңғаруға болады. Жасөспірімдер айкайлайды, қасындағы заттарды лақтырады, сындырады, дүлейді айналасындағыларға шығарады.

Бұрын жаз мезгілі бола қалса балалардың барлығы азаннан қара кешке дейін үй көрмей далада ойнап жүруші еді.

Қазір ауылдық жерде де, қалалы жерде де сыртта асыр салып жүрген баланы сирек кездестіреміз. Себебі оларды үйге матап тастаған бір дүние бар, ол – ғаламтор.

Ғаламтордан түрлі ойындар ойнап, түрлі әуен тындап, бейнежазба көруге құмартып алған олар тіпті компьютердің жанынан шықпайтын болды. Бүлдіршіндерді компьютерсіз көзге елестету де қиын болып бара жатқан сияқты.

Күндіз үй көрмей, түнде ұйқы көрмей жұмыс істейтін ата-аналар үшін де компьютер балаларын алдар қайтын жақсы құралға айналды. Конференцияға қатысқан мамандардың сөзіне қарағанда, осы ғаламтор желісінің балалардың психологиясына қаншалықты зиянын тигізіп жатқанын көп ата-ана біле бермейді. Білсе де, одан балаларын қорғаудың жолдарын меңгермеген. Ал мұның салдары балалардың өскенде маскүнем, зинақор, жауыз болып өсуіне әкеліп соғады. Мәселен, Ресейдің Ішкі істер министрлігі ғаламторға арнайы тексеру жүргізіп, терроризм мен экстремистік сипаттағы 40-қа жуық сайтты анықтаған. Бір ғажабы, оның әрбір төртіншісі осы елде орнатылған екен.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер "ВКонтакте", "Мой Мир", халықаралық "Facebook", "LinkedIn" және тағы басқалар кең таралған. Статистика бойынша, Қазақстандық интернет қолданушылардың 62,4% "ВКонтакте" желісінде, 25,9% "Мой Мир" желісінде, ал 22,7% "Одноклассники" желісінде отырады. Бұл ақпарат жастардың әлеуметтік желіде қаншалықты және қайда отыратынын көрсетеді. Көптеген жастардың ата-аналары бұл үрдістің әсерінен қауіптеніп отыр. Себебі, көбінесе 10-18 жастағы жасөспірімдер мұндай әсерге тап болады. Ал бұл жасөспірімдердің негізгі әлеуметтендіру, оның психика мен дүниетанымын қалыптастыру кезеңі болып табылады. Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2% әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7% аптасына бір рет және 9,1% айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себебі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, ғаламтор адамның физикалық денсаулығына ықпал береді. Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, физикалық күшке тек шамамен 1 сағат қана уақыт бөлінеді.

Жақында «ВКонтакте» желісінде жеткіншектерді «Синий кит» және «Тихий дом» ойындарына шақырған топтар мен хабарламалар пайда болды. Мәлімет бойынша ойынға кірген балалар 50 тапсырма орындауы қажет. Және де сол тапсырмалар баланың өміріне тікелей қауіп төндіреді. Яғни ойынға қатысушы қан тамырын кесіп, қолына киттің суретін салуы керек екен. Ең соңғы тапсырмада, бала өз-өзіне қол салып, өмірімен қош айтысуы тиіс. Бұл тапсырмаларды орындамау немесе ойынды тоқтату мүмкін емес. Себебі ұйымдастырушылар баланың психологиясына әсер ете отырып, оның туыстарын өлтіретіндігін айтып қорқытады. Сондықтан көп жағдайда балалар сол белгіңіз жанның алдауына түсіп, психологиясы уланып, қорқыныштан суицидке барады.

Егер Қазақстанның ақпарат нарығын Ресейдің жаулап отырғанын ескерсек, демек, әлгі сайттарды біздің балаларымыз да көреді деген сөз. "Балалар қарапайым мектеп тапсырмаларынан бастап, түрлі тақырыптағы рефераттарды, басқа да танымдық дүниелерді интернет арқылы орындайтын болды.

Компьютермен ұзақ үздіксіз жұмыс істеу кезінде, бір ойынды қайта-қайта ойнаудан, ойнау барысында ызаланып, ренжіп, ашулануда адам психикасына зақым келтіріп отырды және көздің қажетті демалу фазасы болмайды, олар шаршайды және жұмыс істеу қабілеті төмендейді. Көру мүшесіне үлкен күш ақпаратты енгізу кезінде, сондай-ақ пайдаланушы экраннан мәтінге, клавиатураға үнемі қарау қажеттілігінен, әр түрлі ара қашықтықта және жарықта болғанда өткізеді. Ойлау жүйесі мен көру органдарына күш түсіреді, өйткені экранға жақын отырып, майда әріптерді, сандарды оқуға, ойлануға тура келеді. Осылардың бәрі көз бұлшық еттеріне күш түсіреді, оның үстіне экранның жарықтық тербелістері де оған әсер етеді. Компьютерлік көру Синдром белгісі көрудің төмендеуі, жақын заттардың алыстауы фокусировкасының ақырындауы және керісінше заттардың екеу болып көрінуі, оқу кезіндегі тез шаршау, көздің қышу сезімі, қабаққа құм тығылғандай сезіну, көздің қызаруы, көздің қозғалуы кезінде көз алмасы мен шекенің ауырсынуы байқалады. Компьютерлік көру синдромы қолданушыларда экран алдында үздіксіз екі сағаттан кейін, көпшілігі төрт сағаттан кейін және барлығында алты сағаттан кейін алғашқы белгілері байқалады. Экраннан ақпаратты оқу оны енгізуге қарағанда қиынырақ болады.

Бұл кестеде жыл сайын көру қабілеті төмен балалардың саны көбеюде.

Сонымен компьютермен жұмыс істегендегі көздің қызметі басқа жұмыстардан - оқу, теледидар көруден де ауыр болады. Оған орга-

низмге статистикалық күш түсіретін және қимылды азайтатын олардың тұрақты отырып істеуін қоссақ, өскелең балаға оның дамуын тежейтін біраз қиындық туындайтыны белгілі шығар.

Және де... Тағы бір фактор - нервтік-эмоциональдық жүйеге күш түсуі. Компьютермен қатынасу кезінде, әсіресе ойындар олардың нерв жүйесіне қатты әсер етеді, өйткені жылдам жауап беріп, тез қимылдауды талап етеді. Нервтік жүйелердің қысқа уақытта қатты жұмыс істеуі жас баланың шаршауын тездетеді.

Балаларды ғаламтордан қорғаудың түрлі жолдары бар.

Біріншіден, әр ата-ана баласына ғаламтор туралы толық мәлімет беруі тиіс. Оның пайдасымен қоса зияны туралы да айтуы керек. Балаларды ғаламтордан қорғайтын жалғыз періште – ата-ана. Қазір неше түрлі ақша табуға құралған сайттар бар.

Бірақ ата-аналар да, ұстаздар да, тіпті балалардың өздері де көп ескере бермейтін бір мәселе бар, ол – ғаламтордың қауіптілігі, ондағы кейбір дүниелердің адам психологиясына кері әсер етуі. Мәселен, қазіргі күні ата-аналардың көбі ғаламторда балаларды кішкене күнінен терроризм мен экстремизмге, зорлық-зомбылыққа тәрбиелейтін қара ниетті сайттардың бар екенін білмейді.

Балалар интернетті ақтарып отырып, оларға кіріп кетеді. Егер ата-аналары қадағаламаса, бұл оларға үлкен шығын алып келуі ғажап емес. Бұдан басқа интернеттегі бұзақылар, мәселен, хакерлер балаға шабуыл жасауы мүмкін.

Негізінен, қазір балалардың көбі кітаптан алшақтап барады. Менің оларға берер кеңесім: компьютермен қатар бір мезгіл кітап оқу да – пайдалы дүние.

Екіншісі – білім беру компанияларын дамыту. Яғни әрбір ата-ана, ұстаздар қауымы балаларға ғаламтордағы кейбір сайттардың зияндылығы туралы айтып отыруы керек.

Үшіншісі – жаңа технологияларды пайдалану. Қазір ғаламтордағы сайттарды реттеп, бақылап отыратын арнайы бағдарламалар бар. Сіз бағдарлама арқылы балаңыздың қандай сайттарға кіріп жүргенін біле аласыз.

Халқының 95 пайызы интернетке қосылған, әлемдегі ғаламторды ең көп пайдаланылатын елдердің бірі - Оңтүстік Корея. Бұл елде жасы 30 жас шамасындағы жастар кәрілік симптомдарымен жиі ауыратын болған. Оған есте сақтау қабілетінің төмендеуі, зейіннің әлсіреуі және ұйқысыздық жатады. Дәрігерлер оларға "компьютерлік ессіздік" деген диагноз қоя бастаған.

Жанашыр мамандар "ғасыр дерті" деп бағалап отырған бұл сырқатпен күрес жалпыхалықтық іске айналуы тиіс. Себебі, ТМД елде-

рінде компьютер мен интернетті пайдалану ісінде Қазақстан алдыңғы қатарға баяғыда-ақ шығып қойған. Ендеше, егер аталған компьютеромания ауруы тіркелмей тұрғанда, алдын алуымыз керек.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника. – Алматы: «Мектеп», 2002.
2. <http://www.dalanews.kz/ojkazan/ojyny-kanbagan-bala/>
3. <http://www.info-tses.kz/news/kompyuterd>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Колдаева А.А.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ.

Назым Хикмет Ран

Ел мүддесі мен келешегін ойлайтын рухани бай жастарды тәрбиелеу үшін отбасының, маңызды екендігін білген халқымыз: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегенді тегіннен тегін айтпаған және аз сөзбен – ақ ұлы ұғымға меңзей білген.

Әрбір ұлтты бір – бірінен ерекшелендіріп тұратын осы тіл мен діл дүниеге келген сәбиге ана сүтімен, әкенің қанымен беріліп, сол жасты рухы мықты азамат етіп өсіреді. Рухы мықты азаматтың болашағы да зор. Сол үшін де әрбір ата – ана баласының жақсы тәрбие алуына дені сау болып өсуіне көңіл бөліп, өздері тарапынан берілетін тәрбиенің мәніне, мазмұнына назар аударғандары жөн. Ата - ана әрбір жас балаға үлгі, оның бүгін қандай болып тұрғанын білдіретін және ертеңіне жол көрсетіп тұрған бағдаршам.

Осы пікірімізді мынадай мысалмен дәлелдеуімізге де болады. Кезінде мұғалімдік мамандықты игерген бір азамат уақыт өте келе ішімдікке үйір болып, соның салдарынан мектептен шығып қалып көше кезіп жүретін маскүнемдік жолға түседі. Сол отбасындағы бес баланың қай-қайсысы да мектепте нашар оқып, үсті-бастары кір – қожалақ болып жүретін еді. Отбасындағы қиындыққа төзе алмаған балалардың анасы ауырып қайтыс болды. Әке мас болып, шеше үйдегі қиындық-

тардан қазаға ұшырауы балалардың бірінің ұрлық жасап істі болуына итермелесе, қалғандарының оқусыз, белгілі бір мамандықты меңгере алмаудан азып тозып кетулеріне себепші болды. Ахмет Бай-тұрсынов: «Баланы үйінде ұлша тәрбиелесең – ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болады» депті. Осыны еске алсақ, бала тәрбиесі отбасына, сол баланың ата-анасының берген үлгі – өнегесіне тікелей байланысты екенін көреміз. Ғылыми негізге сүйенсек адам баласының бүкіл тәрбиесінің негізгі қоры 18 жасқа дейін жиналып болады екен. Балам жақсы болсын деген әрбір ата - ана бала тәрбиесіне маңыз беріп, ондағы өз орнының қандай екенін білгені жөн. Баланың тәрбиесі – ата – ананың еккен егінінің жемісі (1, б. 105).

Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында назар аударған тағы бір маңызды мәселе – ол педагогтардың сапасы мен біліктілігін арттыру. Яғни көріп отырмыз:

1) Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты;

2) Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл күйлеріне байланысты.

Кез келген ұлтты қалыптастыратын орта - оның ұлттық мектебі. Сондықтан қазақ мектебінің тағдыры – ел тағдыры. Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары мұны әрқашан ескеріп отырған. Қазақ халқының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай «Ұлттың мәдениеттен жүрдай рух пен тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жақтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп, ұлт болашағын ұлттық мектепте, ұлттық рухта тәрбиелеу керектігін көрсеткен (3, б. 201).

Сапалы білім беру елімізді индустрияландырудың және инновациялық даму жолына түсірудің басты алғы шарты болып табылады. Білімсіз қоғамда прогресс, жаңа өрлеу мүмкін емес. Н. Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ білім бұлағынан мольна сусындауға зейін қоюда. Мемлекеттік тіл – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілін және халықаралық тіл – ағылшын тілін меңгеруі тиіс (5, б. 21)

Жастар кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал, бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы. Жастар секторына Қазақстанда айрықша назар аударылады (4, б. 25).

Бүгін білім жүйесі, жер, тұрғын үй мәселесі, құқық қорғау орган-

дары өзге де өзекті тақырыптарды қаузаған Н. Назарбаев жастарды да назардан тыс қалдырмады. 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады.

«Әр Қазақстан азаматы реформалардың мәнісін, Отанымызды өркендету жолында олардың маңызды екенін түсіну керек. Ал мұны жеткізу біздің міндетіміз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын бәрі қолдады. Оған қосымша «Бес әлеуметті бастаманы» көтердік», - деген Елбасы жастар мен отбасы институтын қолдау – мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс екендігін ескертті (2, б. 65).

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Үкімет қазіргі толқынға, жастарға үлкен үміт артады. Елбасының тапсырмасы бойынша өткен жылы республикада жастар саясатының мәселесі бойынша арнайы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылды. Бұл уәкілетті органның қызметтік шеңбері өте кең: біліктілік деңгейі, білім алу, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, бос уақытты тиімді өткізуді ұйымдастыру, саламатты өмір салтын ұстану және рухани құндылықтарды қастерлеу, патриотизмді бекіту. Бүгінгі таңдағы Қазақстанның халық саны 18 миллионнан асқандығын және 4,2 миллион адам (немесе 23 пайыздан жоғары) жалпы алғанда – бұл 14 жас пен 29 жастар аралығындағы жастар екендігін ескерсек, бұл көрсеткіш те ҚР ДИАҚМ-нің атқаратын жұмысы өте көп (5, б. 45).

Саламатты өмір салты да басымдықта. Елбасы қазақстандықтардың минимум 30 пайызын жаппай спортқа тарту туралы міндет қойды. Бұл тапсырманы жүзеге асыру барысында мемлекеттің барлық аймағында спорт объектілері, ойын алаңдары, дене шынықтыру және сауықтыру кешендері салынууда.

Жастар арасында спорт және өнер саласында біздің республикамызды бүкіл әлемге танытып жүрген танымал жастар аз емес. Олардың қатарында – Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова, Қайрат Ералиев, Еламан Ерғалиев, Димаш Құдайберген және т.б. (2, б. 66).

Сонымен қатар мемлекет денсаулықты сақтау мәселесіне де айрықша көңіл бөлуде, және табысты нәтижелер байқалуда. Ресми көрсеткіштерге сүйенсек, 2018 жылы жастарлар асында өлім - жітім 2017 жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға төмендеген. Наркологиялық орталықтарда тіркеуде тұратын жастар контингенті 12,9 пайызға қысқарған.

Мемлекет тарапынан жастарды қолдау үшін жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін–2050», «Қолжетімді баспана – 2020» және т.б. бағдарламалар бар. Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қолжеткізіп, биіктерге көте-

рілуге болатынын түсінуі маңызды (7, б. 9).

Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тандыруға міндетті екенімізді естен шығармау керек! Ел ертеңі – білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол – деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын дамытуға, жігерлеріне ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына ғана қоғамын өрге бастыра алады.

Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты – жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Елінің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа», - дейді. Елбасы бір сөзінде. Сондықтан, жастарға білім беретін ұстаздар да ұлы мұрат жолында жалынды еңбек етуге даярмыз (б. б. 88).

Сөз соңында айтарым, қазіргі кезде «Жастар – еліміздің болашағы» деген қанатты сөзді жиі айтамыз. Ал, сол жастардың болашағы, Отанымыздың ертеңгі тағдыры өзіміздің бүгінгі қызметімізді қалай атқарып жүргенімізге тікелей байланысты. Ендеше мына өтіп жатқан жаһандану, ғаламдану үрдістеріне жұтылып, ұлт ретінде жойылып кетпейік десек ұлымызды рухты, қызымызды ғұрыпты етіп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелейік дегім келеді.

Әдебиеттер

1. <https://massaget.kz/okushyilarga/> сайты.
2. <https://e-history.kz/kz> сайты.
3. Қазақстан Республикасының Білім заңы. – А., 2007
4. Әділбекова Ж.З. Білім беру үрдісіне жаңа технологияларды енгізу. - Алматы: «Ғылым», 2007
5. Білім технологиялары. - А., 2012.
6. Егемен Қазақстан - 2012 ж. - 10–12 б.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1998.

ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢДЕГІ «ДАҒДАРЫС» МӘСЕЛЕСІ

Баженова Н.К.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Жеткіншектің организмінде болатын елеулі өзгерістер ұзақ уақыт бойы осы кезеңдегі жеткіншектер ерекшеліктері мен дамуының сыналу құбылыстарының биологиялық шарттастығы туралы әр түрлі теорияларға негіз болады. Мұндай ұғым біздің ғасырымыздың алғашқы ширегінде үстем болды. Биогенетикалық универсализм негізін салушылар С. Холл мен З.Фрейд болды. Олар жеткіншектің дағдарысымен өзіне тән ерекшеліктері комплексін биологиялық шарттастығы себепті болмай қоймайтын әрі универсал құбылыс деп санады.

20-30 жылдарда әр түрлі елдерде нақты зерттеулер жинақталғандықтан биогенетикалық универсализмге қарама-қарсы бағыт күш ала бастады, ал бұл зерттеулерде жеткіншектің жеке басының кейбір қасиеттерінің оның әлеуметтік қатыстылығына тәуелділігі көрсетілді. Қиын жеткіншектерді тәрбиелеу іс-тәжірибесінің маңызы болды, мәселен, А.С. Макаренко дам ұндай жеткіншектер қысқа мерзім ішінде түзелетін еді.

Самоа аралындағы жеткіншектерді зерттеген америкалық ғалымы М. Мид жеткіншек шақта дағдарыстар мен дау-жанжалдардың болмай қоймайтындығы туралы түсініктің қисынсыздығын дәлелдеді, сөйтіп олардың биологиялық емес, әлеуметтік шарттастығын көрсетті. М. Мид Самоадағы жеткіншек қыз балалардың балалықтан ересектікке үйлесімді, дау-жанжалсыз өтетінін байқады да балалардың тіршілік жағдайларын, тәрбиеленуі мен айналадағылармен қарым-қатынастарының ерекшеліктерін егжей-тегжейлі сипаттап жазды. Қыз балалардың жеткіншек шағын М.Мид балалық және ересектік көзбен салыстырғанда тұтас алғанда неғұрлым жақсы және ерікті кезең деп бағалады.

Антропологтардың зерттеулерінде жеткіншектік кезеңнің ұзақтығы әр түрлі болуы және бірнеше аймен шектелуі мүмкін екені анықталды. Балаларда “Эдип” комплексінің міндеттілігі туралы пайымдау да теріске шығарылып, жеткіншектің инициациядан кейін алатын ересектік статусына арнайы әзірлік жағдайында да, сондай-ақ бұл статустың талаптарын біртіндеп меңгергенде де жеткіншек ер балаларда дағдарыстың болмау мүмкіндігі анықталды.

Антрополог Р.Бенедикт балалықтан ересектікке өтудің 2 типін көрсетті:

- үздіксіз баланың бала балалықтан ересектікке өтудің 2 типін көрсетті;

- үздіксіз тип.

- баланың балалық шағында оқып үйренгені мен ересектің рөлін жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет тәсілдері мен түсініктер арасында үзілістер болатын тип.

Өтудің бірінші типі балалар мен ересектерге арналған маңызды нормалар мен талаптардың ұқсастығы жағдайларында болады. Мұндай жағдайларда даму бірқалыпты өтеді, бала ересектік іс-әрекет тәсілдеріне біртіндеп үйренеді де, ересектің статусының талаптарын орындауға даяр болып шығады.

Өтудің екінші типі балалар мен ересектерге қойылатын мәнді талаптарда алшақтық болған кезде байқалады. Мұндай жағдайларда балалықтан ересектікке өту әр түрлі қиыншылықтармен қабаттасып, оның өзіне тән нәтижесі болады - ресми кемелдікке жеткен кезде ересектің рөлін атқаруға дайын болмау кел шығады. Балалықтан ересектікке өтетін жол, деп атап көрсетті Бенедикт, әр түрлі қоғамдарда әркелкі болады және оның ешқайсысы да кемелдікке жеткізетін “табиғи” соқпақ деп қарастырылмайды.

Антропологтар зерттеулерінің теориялық маңызы зор. Бала өмірінің нақты әлеуметтік жағдайларына:

- жеткіншектік кезеңнің ұзақтығына;
- дағдарыстың, талас-тартыстың, қиыншылықтың болуына;
- балалықтан ересектікке өтудің өзінің сипатына қарай анықталатыны дәлелденді.

Жеткіншектік шақтың басында балалар сырт пішіні жағынан да, мінез-құлқы жағынан да ересектерге ұқсамайды: олар әлі де көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып, тентектіктер жасайды, өз дегендерін істеп, байыз таппайды, қызу да шамданғыш, әр түрлі салада белсенді, көбінесе ұшқалақ, ынта білдіріп, ден қоюы да, біреуді жақсы көруі, қарым-қатынасы да тұрақсыз, басқаның ықпалына оңай көнгіш болады. Алайда балалығы қаз-қалпында болып көрінетін сырт көрінісі алдамшы болады да оның сыртында жаңаның қалыптасуының маңызды процестері жүріп жатады: жеткіншектер көп жағынан әлі бала болып жүріп, елеусіз есейеді.

Ересектің қалыптасу процесі көзге бірден түспейді. Оның көріністері мен нышандары әр сипатты және сан алуан. Ересектің алғашқы өркендері оның әр сипатты және сан алуан. Ересектің алғашқы өркендері оның дамыған формаларынан өте айрықша болып, кейде жеткіншектің мінез-құлқында ересек адамға жағымсыз жаңа сәттерде көрінуі мүмкін.

Жеткіншек жасқа аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзге-

рістермен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрынғы қатынас бұзылады.

Жеткіншектің жеке басындағы басты және өзіне жаңа құрылым оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы болады, ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады.

Ересектік сезім дене дамуы мен жыныстық толысудағы ілгерілеушіліктерді ұғынып, бағалаудың нәтижесінде шығуы мүмкін; бұларды жеткіншек анық сезінеді және оны өз ұғымында да объективті түрде неғұрлым ересек етіп көрсетеді. Қазіргі бар акселерация балада осы жаңа өзін-өзі түсіну мен өзін-өзі бағалаудың бұрынғы жылдарға қарағанда ерте пайда болуына жағдай жасайды.

Ересектік сезімдерінің ендігі бер қайнар көзі – әлеуметтік негіздер. Мұның өзі ересектермен қарым-қатынаста бала объективтік тұрғыдан балалық жағдайда болмай, еңбекке қатысып, елеулі міндеттері болғандай реттерде туындауы мүмкін. Ересектердің сенімі және жастайынан дербестікке жету әлеуметтік қана емес, субъективтік тұрғыдан да баланы тез есейтеді. Бұған ұқсас мысалдар Ұлы Отан соғысы жылдарында көп кездесті. Ересектік сезімнің жыныстық толысудан көп бұрын пайда болуының мүмкіндігі бар жолды Н.А. Некрасов бармақтай мұжық бейнесінде берген. Мұның өзі бала ересек деп санайтын адам мен өзі арасындағы бір немесе бірнеше өлшем бойынша баланың өзі ұқсапсыз (білім, іскерлік, күш, ептілік, батылдық, т.б. ұқсастығы) деп тапқан жағдайда да туындауы мүмкін; ұқсастық жайлар неғұрлым көп болса, өзін ересек сезінуге негіз де соғұрлым көп болады. Ересектік сезім баланы өзіне тең ұқсайтын неғұрлым ересек жолдастарымен (баланың ұғымында) қарым-қатынаста да қалыптасады. Жеткіншек өзін айналасындағылармен ғана емес, мұның алдында өзінің қандай болғанымен де салыстырады, әрине, белгілі бір бейнелерді бағдарға алып, өзіндегі прогресті бөліп көрсетеді.

Жеткіншектің өзіне тән әлеуметтік белсенділігі ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынастарындағы бар нормаларды, құндылықтар мен мінез-құлық тәсілдерін меңгеру алғырлығы болып табылады. Мұның ұзаққа созылатын салдары болады, өйткені ересектер мен балалар әр түрлі екі топты көрсетеді және олардың міндеттері, құқылары, артықшылықтары мен шектеулері түрліше болады. Балаларға арналған көптеген нормаларда, ережелерде, талатарда, шектеулерде, тіл алудың ерекше моралында олардың ересектер дүниесіндегі дербессіздігі, тең құқылық сыздығы мен тәуелді жағдайы бейнеленген. Бала үшін дүниеде қол жетпес, тыйым салынған жайлар көп. Балалық шағында бала қоғамның балаларға қоятын талаптарымен нормаларын

менгереді. Бұл нормалар мен талаптар ересектер тобына өтер кезде сапалық тұрғыда өзгереді. Жеткіншекте өзі туралы енді балалықтың шекарасынан өткен адаммын деген түсініктің пайда болуы оның бірі нормалар мен құндылықтардан басқаларына - балалық нормалар мен құндылықтардан ересектік нормалар мен құндылықтарға – қайта бағдар алуын айқындайды.

Әдебиеттер

1. Простакова Т.М. Кризис подросткового возраста. - М., 2009.
2. Елубаева С.Б. Психологические особенности этнической и идентичности и самооценки современных казахских подростков. - Алматы, 2004.
3. Күнсләмова Т.К. Жеткіншектердегі өзіндік бағалау, өзіндік реттелу және эго күйдің белсендіруі мен агрессиялықтан өзара байланысын психологиялық - педагогикалық тренинг негізінде зерттеу. – Алматы, 2002.
4. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы, 2002.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ: ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бирталаева Б.Н.

№6 орта мектеп, Аягөз, Қазақстан

Дәстүрлі оқытуда білім берудің көзіне айналған оқыту технологиясы бүгінде жаңа бағытқа ие болды. Тәуелсіздігімізді алғаннан бері Елбасымыздың қолдауымен нық қадам бастаған еліміз әлемнің алпауыт елдерімен терезені тең ұстауды мақсат етуде. Еліміздің экономикасында ғана емес, білім беру саласында да әлемдік білім беру жүйесінің озық тәжірибелері енгізіліп отыр.

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Көптеген авторлар, соның ішінде Виллем Те Вельде (Willem te Velde, 2005) жаһанданудың қазіргі кезеңінде жоғары сапалы білімнің қажеттігі туралы өз пікірлерін айтты. Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Муршед және басқа авторлар (Mourshed, M. et al, 2010) жоғарыда аталған мәселелерді шешу мақсатында өзгеріс енгізу үдерісіне қатысатын жүйелердің саны артып отырғанын, білім

беруді реформалаудың қарқынды артып келе жатқанын атап көрсетті [1, 6].

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында: «Біздің міндетіміз - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деп білім беру жүйесін жанарту мәселесін қолға алуды міндет етті [2, 21]. Халықаралық білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне енгізілген сындарлы оқыту теориясын қамтыған жаңартылған бағдарлама – әлемдік кеңістікке қол жеткізетін сапалы білім беруді жүзеге асырудың жолы.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мән мәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады [1, 7].

Қазіргі оқыту жүйесінде диалогтік оқытуды ұйымдастырудың маңызы зор. Неліктен? Дәстүрлі сабақта «мұғалім - оқушы» әрекеті басым болды, мұғалімдер тарапынан оқушыларға еркіндік берілмеді, тақырыпты жаттандылықта айтып, оқушы білімі стандарт деңгейінен аспады. Қазіргі жаңартылған оқыту жүйесінде «Оқушы-мұғалім» әрекеті басым. Яғни, оқушының өзін-өзі, бірін-бірі оқытуы диалог арқылы жүзеге асады. Әйгілі педагог Выготский: «Оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады», - дегендей [3, 89], оқушылардың дағдыларын дамытуда, нәтижеге қол жеткізуде диалогтік оқыту тиімді болып отыр. Диалог сабақта оқушыларды мәнерлі сөйлете отырып, дербес ізденістері арқылы білім алуларына, өзара бір-бірімен қарым-қатынасқа түсулеріне жол ашады.

«Диалог – қарым-қатынас субъектілерінің тоғысуы, олардың әрқайсысы да өзінің серігіне, тыңдаушысынан, түсінушіге қаратып сөйлейді. Оқытудың нәтижелілігі олардың қаншалықты тең құқылы екендігіне, қаншалықты бірлескен ой-толғанысты, бірлескен шығармашылықты ұйымдастыра білуіне, ал оның серігі оқушы рөлінен тең құқылы автор рөліне ауыса алатындығына байланысты».

Ғылыми-зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді [4, 71].

Есердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады. Ғалым әңгіменің үш түрін: әңгіме-дебат, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме. Ал отандас ғалым Выготский өзінің «Ой мен тіл» атты еңбегінде оқу үшін әңгімелесудің маңызды екендігін тілге тиек етеді. Оның оқуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқаратындығы туралы пікірі тәжірибеге негізделген зерттеулермен дәлелденген.

Диалогтық оқытуда оқушылар ынтымақтаса, бірлесе отырып жаңа өнімге қол жеткізеді, ой-өрісі, білімі кеңейеді, сөйлеу мәдениетіне дағдыланады, білім сапасы артады. Бағдарламада көрсетілгендей:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;

- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;

- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;

- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі [4, 96].

Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене келе, диалогтік оқытудың оқушылардың ауызша, жазбаша тілдік дағдыларын дамытуда, білім сапасының арттыруда ықпалы зор екендігіне көз жеткіздік. Яғни, оқушы диалогте түсу арқылы өзін де, бірін-бірін оқытады, өзара ынтымақтаса әрекет етеді, ойлау дағдылары, сөйлеу дағдылары дамиды, бірлескен жұптық, топтық жұмыстары жүреді. Қазіргі білім жүйесіне енгізіліп отырған жаңартылған білім мазмұнында да диалогтік оқыту өз құндылығын жоғалтқан емес.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тілдік сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және оқушының ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді». Бағдарламадағы бөлімшелердегі «тыңдаулым, айтылдым, жазылым, оқылым» дағдыларын дамытуда диалогтік оқыту тиімді болмақ: «... қазақ тілін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады;

түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі» [1, 12]. Бұл басымдықтардың барлығы оқушының диалогте түсу әрекеті арқылы жүзеге асатыны анық.

Оқу бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігінің мысалын Хименес-Алейксандренің (Jiménez-Aleixandre, 2008) дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ұсынысынан көруге болады (2008, cited by Katchevich et al, 2011):

1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс;

2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданулары керек;

3) Оқу бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс;

4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы керек және оқушыларды тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағалауға болмайды;

5) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

6) Оқушыларға диалогте және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек [1, 20].

Сабақта оқушыларды еркін диалогте түсіру мұғалімнің білімін, ізденісін қажет етеді. Мұғалімнің өтіліп отырған тақырыпқа сай және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді оқу үдерісін ұйымдастыра білуі нәтиже береді. Яғни, бағдарламадағы сағаттарға орай оқушылардың дағдыларын дамытатын тиімді тапсырмаларды құрастырады, оны жүргізудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін қолданды жоспарлайды. Диалогтік оқытудың тың жолдары, инновациялық технологиясы мұғалімнен үнемі ізденуді, педагогикалық шеберлікті талап етеді. Тиімсіз ұйымдастырылған диалог оқушылардың бос сөйлеуіне, жауапсыз сұрақтарға, дәлелдемелерсіз құрғақ сөйлеулеріне, немесе өзара дауласуға, өзге де өнімсіз әрекеттерге алып келетіні сөзсіз. Сондықтан да мұғалім белсенді оқу үдерісінде ұсынылған төмендегі талаптарды басшылыққа алуы керек:

- ой салып, ынталандыратын материал ұсыну;

- оқушыларға өздері қызығатын салаға қатысты сұрақ тұжырымдауға көмектесу;

- жұпта, шағын топта және құрамы өзгеріп отыратын жұпта жұмыс істеуге арналған жаттығу дайындау;
- оқушыларды бір-бірімен сұхбаттасуға жетелеу;
- оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және мүдделерін есепке алу;
- оқушыларды өз бетінше ойлануға бағыттау;
- оқушыларға өздерінің ойлау және зерттеу дағдыларын қолданды еске салу;
- оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- оқушыларға өз бетінше жұмыс істегенде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды ойлап табу және ұйымдастыру маңызды болып табылады [1, 34].

Өз сабақтарымда оқушыларды диалогқа жетелейтін зерттеушілік әңгімені тиімді қолданып келемін.

Сабақта қолданылған диалогтік оқытудың тиімді тәсілдері: «Ақылдың алты қалпағы», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Өкіл», «Ойла-нып отырған үштік», «Миға шабуыл», «Тікелей радиэфир», «Құндылықтар спекторы» т.б.

Зерттеушілік әңгімеге жетелеудегі «Миға шабуыл» сұрақтары мен «Мозайка» тапсырмасы оқушылардың сындарлы ойлай отырып сөйлеуіне жол ашты. Миға шабуыл сұрақтары жаңа тақырыпты оқушылардың өздеріне ашуда, сол арқылы шығармашылық, зерттеу жұмыстарын жүргізуде тиімді болды. Ал «Ойлан, жұптас, талқыла», «Ойла-нып отырған үштік» әдістері олардың топпен, жұппен бірлесе жұмыс жасауларына, өзара диалог әрекетіне түсулеріне тиімді болды. Өз белсенділіктерін танытуда «Ақылдың алты қалпағы», «Өкіл», «Тікелей эфир» әдістері нәтиже берді. Оқушының ойын дәлелдеуде "Құндылықтар спектрі" тиімді. Оқушылар стикерлерге құндылықтарды жинақтап жаза салмай, дәлелдеді, диалогқа түсті. Бұл әдістердің қай-сысында болмасын оқушылардың айтылым, тыңдалым дағдылары дамыды, олар қызу жұмысқа кірісті, бір-біріне ашық сұрақтар қойып, зерттеушілік әңгіме жүрді. Зерттеушілік әңгіменің тиімділігі:

- оқушылар шағын топтарда өзара диалог жасауға төселеді;
- өзін-өзі, бірін-бірі оқыту жүзеге асады;
- бірлесе отырып мәселені шешу, талқылау, дәлелдеу әрекеті жүзеге асады;
- бірін-бірі құрметтеуге, пікірлерін тыңдауға дағдыланады;
- сұрақтар қоя білуге, қарсы пікір айтуға, келісімге үйренеді.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектепте-

- рі». ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халқына Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар.
 3. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. – М., 1958.
 4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Төртінші басылым; «Назарбаев Зияткерлік мектебі». - ДББҰ, 2015.

**МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ
ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА, ПАТРИОТТЫҚҚА
ТӘРБИЕЛЕУ**

Нурбақыт Ж.

Канай орта мектебі, Ұлан ауданы, Қазақстан

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...» [1, 9]. Елбасы Н. Әбішұлының әр жыл сайын халқына жолдаған Жолдауы тәуелсіз еліміздің болашағына жол ашып, ұлттық санамызды оятып, ұлттың алға ілгерілеуіне жетелеп отыр. «Қазақстан-2050» Стратегиясы, Ұлт Жоспары бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам, «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халқына Жолдауы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламалары жасалынды.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда барша қазақстандықтарға рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту керектігіне баса назар аударылды. Онсыз әлем елдерімен терезе теңестіру мүмкін еместігіне көз жеткізді. «Біз бүгін ХХІ ғасырдың есігін айқара ашып төріне еніп отырмыз. Бұл ғасырдың Қазақстан үшін жасампаз ғасыр, жаңару ғасыры, дәуірлеу ғасыры болатынына сенемін. «Қазақстан - 2050» - Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы ең мәртебелі жол» [2, 16].

Сондай-ақ «Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениетімен арқылы ғана басқаға танылады», - деген жолдау-

дағы үндеулер аталған мақсат, міндеттерге жету үшін «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруды, руханилықты жаңғырту қажеттігін насихаттайды. Ең бастысы, ұлттық құндылықтар, рухани мұраларымыз арқылы жастардың бойына ұлтжандылық, патриоттық сезімдерін ұялтудың, рухани жаңғырудың қажеттілігі алға қойылып отыр. Халқымыздың тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін дәріптей отырып, нық қадам басатын білімді, салауатты жастарды тәрбиелеуіміз керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет...» деп айтқанындай, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру көз ашық, көкірегі ояу жастарымыздың қолында [3, 11].

«Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы», - деген Елбасының үшінші жаңғыруындағы жолдаған үні орынды айтылған. Осы орайда мектептегі әр пәннің мұғалімдеріне бағдарламаның идеясын жүзеге асыру жүктелінді. Әсіресе, гуманитарлық бағаттағы пәндер үшін бұл бағдарламаның маңызы зор болды. Оқушыларды өзінің мемлекетінің, туған елінің, жерінің, туған өлкесінің тарихын зерттеуге, өлкедегі ұлы адамдар, тарихи тұлғалар туралы танып білуге жетелеу үшін пәндік бағдарламалар жасылынып, іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл тек білім ордаларында ғана емес, бағдарламаны жүзеге асыруға күш салып отырған мекемелерде де қолға алына бастады. Өйткені жоғарыда айтылғандай елінің ұлттық-рухани тамырынан нәр алып өскен ұрпақтың болашағы жарқын, алаңсыз болатындығына сеніммен қарауымызға болады.

Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», - деп халыққа Жолдауында айтқандай [3, 11], бүгінгі ұрпақты ұлттық құндылықтың көзімен тәрбиелей отырып, еліне, өзінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін мақтан тұтатын патриоттар етіп тәрбиелеу міндетіміз.

Түпкілікті күтілетін нәтиже: бүгінгі жастарымызды Отанын сүйуге, патриотизмге, туған жерін тарихын білуге, ұлттық құндылықтарын, мәдениетін қасиет тұтуға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Өз ұлтының рухани қазынасы, мәдениеті, мақтаныштары арқылы әлемге танылу. Білімді, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру.

«Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді...», - деп Жолдауда айтылғандай, рухани жаңғыру әркімнің өзін-өзі тәрбиелеуінен басталмақ. Өзін таныған тұлға өзгені де таниды, құрметтейді, бағалайды. Сондықтан да өзімнің алғашқы еңбек жолымда бағдарламаның идеясын жүзеге асырудағы қадамымды бастадым. Ол үшін алдымен өз өлкеміздің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, ондағы ұлы тұлғалар, танымал адамдар, жәдігерлер туралы насихаттауда сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыру жоспарланды.

Мақсаты: Туған өлкеміздің тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, ондағы ұлттық құндылықтарымыздан нәр алған ұлтжанды, патриот тұлғаны қалыптастыру. Оларды сөз өнерін, әдебиет мен тарихын, мәдениетін құрметтеуге деген сезімдерін ояту.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Түрі, формасы
1	«Әдебиет – ұлттық құндылықтың, рухани байлықтың бұлағы»	Кіріспе. Пресс-конференция.
2	«Жас зерттеуші» клубын құру. «Мен өлкемді зерттеймін...» Өлкеміздегі ақын-жазушылар туралы зерттеу жұмыстары.	«Жас зерттеуші» клубының ғылыми зерттеу алаңында ғылыми реферат, ғылыми жоба жазу, қорғау
3	«Менің өлкемнің мақтаныштары» /Өлкеміздегі әр саладағы танымал адамдар/	Мұражайларға саяхат.
4	«Менің кіші отаным...» / отбасындағы танымал адамдар, жәдігерлер туралы/	Зерттеу жұмысы, немесе эссе жазу, презентация, модель жасау.
5	«Мен өлке әдебиетін білемін бе?..»	Кітап акциясын /айлықтар/ өткізу.
6	«Туған жер – алтын бесігім»	Әдеби кеш.
7	Кітап – білімнің бұлағы.	Кітапханаларға бару.
8	«Әдеби қонақта» / Өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар, журналистер т.б. кездесу	Кездесу кешін өткізу, сыр-сұхбат жүргізу
9	Рухани құндылық: айтыс өнері	Мектепішілік айтыс /9-11-сыныптар/
10	«Өзіңе сен өзінді алып шығар...» Абай / мектепішілік, аудандық, қалалық сайыстарға қатысу/	Түрлі сайыстарға қатысу

11	«Ұлттық салт-дәстүрді қадірлейміз»	Ұлттық ойындар сайысы
12	«Сөз мергені» зияткерлік сайыс.	Зияткерлік сайыс /6-7-8-сыныптар/
13	«Үздік оқырман» сайысы.	Оқырмандар сайысы /6-11 сыныптар/
14	«Менің мамандығым» жазба жұмысын ұйымдастыру.	Эссе жазу. /9-11 сыныптар
15	«Менің туған өлкем» қыл қалам шеберлерінің сайысы.	Сайыс /6-9-сыныптар/

Оқушылар үшін өз уақыттарын тиімді қолдану үшін сабақтан тыс жұмыстар маңызды. Қазіргі таңда, жасыратыны жоқ, жасөспірімдер арасында небір келеңсіз жағдайлар болады жатады. Осындай қауіптен оқушылардың аулақ болуын қадағалайтын мектеп мұғалімдері, ата-аналары болмақ. Ал өз басым сабақ барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды көздеймін. Оқушының жеке басының қабілетін тануда, дарын көзін ашуда сыныптан тыс жұмыстардың маңызды. Ол туралы әйгілі ұстаз Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты еңбегінде: «Мектепте әдебиетті оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Әдебиет – өнер, сөз өнері. Бағдарламада берілетін арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады... Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүргізіледі. Оқушылар еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру, бос уақыттарын пайдалы өткізу де, инабаттылық, имандылық, адамгершілік сияқты биік гуманистік қасиеттерге баулуда, ұлттық өнерді, халық өнерін қастерлеу, қорғауда да сыныптан тыс жұмыстардың жас ұрпаққа берері, үйретері көп» (4, б. 252).

Қазіргі таңда жас мамандар үшін Қ. Омарғалиқызының бұл еңбегі – өмірлік бағдаршамдай. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінің өз басыма тиімділігі зор болды. Әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдерін, формасын, тіпті сабақ түрлерінің үлгісіне қарап, ізденуге жол ашылғандай. Ең бастысы, оқушыларды зерттеу, іздендіру жұмыстарына, шығармашылық жұмыстарға жетелеу үшін мұғалімнің өзі де үнемі ізденісте болу керектігін ұғындым. Сондықтан да оқушыларды өзіме жақын тартуда, оларды жеке танып білуде, ынтымақтаса жұмыс жасауда сыныптан тыс жұмыстардың тиімді екендігіне көзім жетті.

Алайда қандай жұмыс ұйымдастырсақ та оқушылардың жас ерекшелігін ескеруді ұстаз әр кезде де ескеріп отырады. Жоғарыдағы сыныптан тыс шараларымыз осы жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып отыр.

Мектептегі пәндік сағаттарда оқушыларды ұлттық рухқа, патриотизмге тәрбиелеу аздық ететіндігіне көз жеткіздік. Сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру арқылы өзінің ұлттық құндылықтарын қадірлейтін, өз елі мен жеріне, туған өлкесіне деген азаматтық сезімі бар патриот тұлғаны қалыптастырамыз деген сенімдемін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014.
2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 14 сәуір, 2017 ж.
4. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: Рауан, 1997.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕПІЛІ

Алтай Қ.

*Н. Островский атындағы №4 Күршім орта мектебі, Күршім,
Қазақстан*

Ұлттық тәрбие - ұлтымыздың болашағы. Ұлттық құндылықтарымыз арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу - еліміздің болашағына ашылған жол.

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, халқымыз ұрпағының тағдырына алаңсыз қарамаған. Бала тәрбиесіне келгенде халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибесінің, ұлттық құндылықтарының маңызы зор.

Әлемдегі қандай ұлт болмасын бала тәрбиесіне селқос қарамаған. Мағжан Жұмабаевтың: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген сөзі бала тәрбиелеудің көзі ұлттық құндылығымызда екендігін айғақтай түседі [1, 7].

Әр мемлекеттің болашағының жарқын болуы ұрпағына тәуелді екендігі даусыз мәселе. Осы орайда «Не ексең, соны орасың» деген

халқымыздың нақылына сүйенсек, бала тәрбиесіне бесікте жатқаннан зер салып, ұлттық тәлім-тәрбиенің, патриоттық тәрбие мен адамгершіліктің дәнін сепсек, еліміздің мәртебесі өсіп, биік белестерге жетеріне сеніммен қарауымызға болады. Егер жас өскін ұлтының ұлттық құндылығымен тәрбиеленіп өспесе, болашағы бұлыңғыр қапаста болмақ. Сондықтан да рухани құндылықтарды ұрпақтардың санасына, мінез-құлқына жеткізе тәрбиелеу заман талабынан туындап отыр.

Рухани жаңғыру бағдарламасы – елімізді жарқын болашаққа, ұрпағымызды рухани тазалыққа, алаңсыз келешекке жетелейтін сара жол. Бағдарлама төрт Кіші бағдарламалардан тұрады және әрқайсысын бағытталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

1) «Тәрбие және білім» - жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухына тәрбиелеу;

2) «Атамекен» - қазақстандықтардың азаматтық белсенділік пен жауапкершілік сезімін нығайту, кіші отан тағдырына араласу;

3) «Рухани қазына» - сыйластық дәстүрлеріне, жер мен ел тарихына қызығушылықты жаңғырту;

4) «Ақпарат толқыны» - Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың қоғамдық мониторингі жүзеге асырылатын жобаларға қатысу үшін ақпараттық инфроқұрылымын құру.

Рухани жаңғыру заманында ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген, өз ұлтының патриотын тәрбиелейміз десек әуелі санамыз жаңғыруы керек. Бағдарламаның негізінде жатқан «сана іс-әрекеттің алдында жүрсін» деген қағидаға сүйенсек, ұлттық санамыздың әрекетімізден ілгері болуы жөн.

Ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу [2, 5].

Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық тәрбиені үздіксіз білім берудің көзіне айналдыру басты мәселеге айналып отыр. Сондықтан да білім ордаларының, отбасының және қоршаған ортаның біртұтастығы – тәрбие беруде аса маңызды күш.

Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ. Баланы адал жолға түсіріп, тәлім-тәрбие беруде әр отбасына, білім беру ордаларына (балабақша, мектеп, оқу орындары) аса жауапкершілік жүктеліп отыр. Білім ордаларының бала тәрбиесінде алар орны маңызды. Мектеп, балабақша – баланың отбасында алған тәрбиесіне тікелей әсер етеді, отбасындағы тәлім-тәрбиені кеңейтіп, дамытады немесе дұрыс жолға қояды. Әр ба-

ланың ішкі мүмкіндігін дамытуға, олардың өзін-өзі дамытуына жол ашуға негіз болады. Осы жауапкершіліктер мұғалімдер мен тәрбие жетекшілеріне және отбасына жүктеледі. Яғни, жас жеткіншекті ұлттық сана-сезім, ұлттық тәрбие көзі арқылы білім ордаларында тәрбиелеу жүктеліп отыр.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген даналық сөзде айтылғандай, отбасы – бала үшін ең басты тәрбиенің көзі. Баланың өмірлік ұстазы десек те болады. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына отбасындағы ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Отбасындағы ұлттық тәрбиенің болмауы тұлғаның дамуына кері әсерін тигізері анық. Осы орайда тамаша педагог Ыбырай Алтынсариннің «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде жазылғандай: «Бала – жас шыбық, оны қалай баптасан, күтсең, солай өседі» деген қағиданы тілге тиек еткеніміз жөн. Бүкіл бала тәрбиесінің тетігін тауып, жолын көрсетіп тұрған осынау тағылымның берері мол. Алайда бүгінгі қоғамда осындай даналық қағидаларын түсінетін «көкірегі ояу, сезімі сергек» жандар қатары азайып бара жатқан жоқ па? деген ой кімді болмасын ойландырары сөзсіз. Жасыратыны жоқ жұмысты бірінші, бала тәрбиесін екінші жолға қойып жатқандарды да кездестіріп жүрміз. Өзінің жауапкершілігінен гөрі балабақша, мектеп қызметкерлеріне орынсыз талаптар қойып, бала тәрбиесіне уақытын жеткізе алмай жүргендеріміз де бар. Ал сол ата-ананың әрекеті өз баласының мінез-құлқының, сабақ үлгерімінің өзгеруіне әкеліп соғады. Сондай сәттерде еріксіз ғұлама ойшыл Әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі...», - деген даналық сөзі нақ айтылған. Бұл - күллі адамзат баласына арналған ұлағатты сөз, көңілімізге түйіп, санамызға сіңіріп, күллі тәрбиенің көзі етіп алатын құнды қағида. Сондықтан да «тәрбие басы – тал бесік» дегендей, бала тәрбиесі отбасынан басталуы шарт. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сынды даналықтар текке айтылмаған ғой. Жанұядағы тәрбиені сөзбен емес, іспен көрсететін де - ата-анасы. Ата-ана баласының жан-дүниесіне үңіліп, мінез-құлқыдағы ерекшеліктерді жетік білгені дұрыс. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген мақал тек білім ордаларындағы қызметкерлерге ғана арналмағанын бүгінгі отбасындағы ата-аналар қауымы да түсінсе абзал болар еді. Баланың бойындағы қабілетін танып, дарын көзін ашуда да ата-анасының ықпалы зор болуы қажет.

Білім ордалары (балабақша, мектеп) тәрбие, білім берумен ғана шектелмей, «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту.»- деп көрсетілгендей [3,

5], шығармашылық қабілетін, дарын көзін ашуды көздейді. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдама-сында: «Мектепке дейінгі тәрбие - үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген [4, 7]. Бұл жалғыз мектеп қызметкерлерінің ғана мәселесі, жауапкершілігі болмауы тиіс, оған ата-ата да бірігіп атса-лысуы керек деген нәтижені көздейді. Сондықтан осындай тәрбие үде-ресін кері әсерін тигізетін бағыттар кездескен сәттерде мұғалімнің, не-месе тәрбие жетекшісінің ата-анамен бірлесіп жұмыс жасауының ти-імділігі зор. Ортақ мақсат, ортақ мүдде болған жағдайда ғана нәтиже көрсете алатынын түсінген жөн. Сондықтан да өз пайымдауымызша бала тәрбиесіне оң әсерін беретін қағидалардың бірнешеуіне тоқтал-сақ:

Біріншіден, бала үшін – жасыратыны жоқ, ойынның алатын орны зор. «Ойын баласы» деп те атап жататынымыз шындық. Бұл кезең – табиғи құбылыс. Осындай сәттерде ойынның бала үшін маңыздылы-ғын әр ата-ана түсінсе, «өзінің де бала болып, ойнап өскенін» ұмыт-паса екен. Жұмыстан кейінгі уақыттарында баласына да уақыт бөліп, бірге ойнаудың маңыздылығы баласы үшін өте зор. Ойын арқылы өз баласының мінез-құлқын, ойлау қабілеті мен шығармашылық іс-әре-кетін байқауға болады. Бұл тұжырым - ғалымдар тарапынан да дәлел-деніп отырғаны белгілі. Сондықтан да мектептегі даярлық тобында балаларды ойната отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін ұш-тау - жеке тұлғаны дамытудың көзі.

Екіншіден, баланы ынталандырып, қолдау көрсетіп отыру – ба-ланың ішкі уәжін оятудың, қабілетінің дамуының бір қыры. «Қолың-нан келеді», «Мен саған сенемін» деп мадақтап, жасаған жұмысына қолдау көрсетіп, жақсы сөздермен ынталандырып отырудың бала үшін маңызы зор. Баланың шамасы келмей жатқан теріс жерлеріне оң етіп түсіндіріп отырсаңыз еңбекке де баулуға жол ашылады. Бұл мұға-лім үшін де, ата-ана үшін де ескеріп, көңілге түйіп алатын жағдай-лардың бірі.

Үшіншіден, баланы еңбекқорлыққа, тазалық, ұқыптылық сынды қасиеттерге де баулу көз қолымызда екенін естен шығармасақ. Жасы-ратыны жоқ, бала үлкендерге еліктегіш келеді, жұмысқа көмектескісі келеді. Осындай сәттерде «өзім жасаймын, сенің тыныш отырғаның дұрыс» деп баланың жан-дүниесімен санаспай жатамыз. Бұл да бір ба-ла тәрбиесіндегі шыдамсыздық танытқан тұсымыз шығар. Баланың қолынан келетін ісін жасауға жағдай жасап, қандай жағдай болмасын төзімділік танытып, сырттай бақылау қажет. Баланың әр сәтте қол-дауды, мадақтауды қажет еттенін естен шығармағанымыз жөн.

Төртіншіден, шыдамдылық таныту – бала тәрбиесіндегі басты құрал. Баланың жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді тануда кімге болмасын төзімділік, шыдамдылық қажет. Өзіңізге бір сәт «балаша ойлауға, балаша қиялдауға» ерік беріп, баланың әр тапсырманы аяғына дейін орындағанында шыдамдылық таныту керек. Орынсыз зеку, сұрақтарын жауапсыз қалдыру, уақыт бөлмеу сынды қасиеттердің бала тәрбиесіне кері әсерін тигізері хаһ.

Бесіншіден, бала – жеке тұлға, өзінің ойы, көзқарасы бар. Кейде баланың ішкі жан дүниесі, пікірімен санаспай жататынымыз да бар. Баланың да ішкі жан дүниесіне, ойлау қабілетіне қарай өзіндік құқығы бар, ой еркіндігі бар тұлға екендігін, баламен де санасу керектігін естен шығармаған жөн. Сондықтан да баланың қоғамдағы өз орнын сезіне білуде ата-ана мен баланың арасында сенімділік, ынтымақтастық, сыйластық қасиеттері даму қажет.

Алтыншыдан, ата-ананың мектеп қызметкерлерімен, мұғаліммен ынтымақтаса жұмыс жасауы, тығыз қарым-қатынаста болуы баланың да білім алып, тәрбиеленуіне оң әсерін береді.

Қорытындылай келгенде, бала – біздің болашағымыз, жас өскіннің тәрбиесіне барлығымыз да жауаптымыз. «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында» деп Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, бала тәрбиесіне жанұядан бастап, білім ордаларында қызмет етіп жүрген ұлағатты жандар жауапты. Сондықтан да салауатты, білімді, рухани жан дүниесі бай жеке тұлғаны тәрбиелеуде «бес саусақтай жұмыла» ынтымақтаса жұмыс жасайық. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген нақыл сөзді естен шығармайық.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3 т.- Алматы: Жазушы, 2005.
2. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. - Алматы: Әл-Фараби, 1995.
3. «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Ақиқат, №1, 2013 ж.
4. 12 жылдық оқыту мәселелері. ҚР жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. - Астана, 2006.
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2003.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РӨЛІ

Исаева С.Н.

№28 IT лицей-мектебінің, Талдықорған, Қазақстан

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды [1, 7].

